خەنچىردىرى انسان دىيو آلمَا قالە  
زېبىل زېباخ قەرنەل ايلە ھە لالە  
بەنچەرە ايلە تەنچەرە بىرىسى دەن صاج آياف  
جزوھ قەجان ايلە شىشە بىرىسى دا بىداق  
ئەلبىند سراج ايلە خواف بىرىسى داشى دولىڭر  
دېاغ ايلە قىيىمىجى در سەزبىي ايلە ھە سەز  
بويى ايلە بوياجى ھە تۈزى كۈركىجى بىرى پۇرۇر  
كەرەمت ايلە خراسان بىرى دەنى قامىد كەر  
فاصولىيە ايلە ھە بامىا انكىنار ايلە باطلىيەن  
حەر تۈر شەلتە پەن بورغان  
بۇنى انكىنار ايدە هەزم كلى شىشە قادر مەن  
انسالىلە تۈز طوقاجىقىدر ياقاڭىن شاھىن ئەرسەلان

(44. Sayfa)

یا بان **نَجَارْتَه** بولنورمی اغات ولاف  
امم سز در زمر و ت یاق و ت سر جان صراف  
بلغار **کَبِي** بو عالم ده بوقدر بطاطا  
اس همز در نشسته ایله نشادر **کَذَاب** بقال  
فهز ایله ککی ضابط **کَفِيل** بریسی سند  
جلاد فصاب بو قاغو هم کوسنک پایی بند

---

نظم ایلدم مهمها امکان  
ایلدین غیری سوال  
بولسانده بوقدر نظام  
المازدم اسلر ک فاله  
بوقدر جرق اولصون باره  
اخوانمدن بود رجا  
اکر کورور لرسه بجا  
خدا مرادن ایلسون اعطای

## SONUÇ

Bilinen tek Bulgarca-Türkçe manzum sözlük olan *Tuhfe-i Sabrı* an Lisân-ı Bulgarî, Sofya göçmenlerinden Mehmed Sabrî tarafından kaleme alınmıştır. Hicri 1296, miladî 1879'da basılan eserde yaklaşık 2000 kelime yer almaktır olup, kelimelerin sıralanışında tematik bir tasnifin olmadığı anlaşılmaktadır.

Aruz veznini kullanmakta başarılı olamayan sözlük yazarı, tuhfe türüne has yazım geleneklerine de uymamıştır. Eserin sansüre uğradığı ve bunun neticesinde bazı kısımların çıkartıldığı ruhsatnamede belirtilmiş olsa da bu kısımların niteliği ve hacmi konusunda bilgi yoktur.

Eserdeki Türkçe kelimelerin imlasında Osmanlı Türkçesinin imlasına uygun olmayan bazı yönler bulunmaktadır. Bunların sebebini yazarın standart yazı dilinin imlasına hakim olmamasında veya geldiği bölgenin konuşma dilini yazıya aktarmaya çalışmasında aramak mümkündür. Yazar hakkında yeni bilgilere ulaşılması durumunda bu hususta karar vermek kolaylaşacaktır.

Metinde yer alan Bulgarca kelimelerden bazlarının günümüz Bulgarcasından farklı şekilde telaffuz edildiği anlaşılmaktadır. Bu durumun sebebi hakkında kesin sonuçlara varabilmek için, metnin bu dilin uzmanı olan akademisyenler tarafından tetkik edilmesi gerektiğine inanmaktayız.

## BİBLİYOGRAFYA

- Türkçe Sözlük*, (2011). Türk Dil Kurumu Yayıncıları, Ankara.
- Andreichen, Liubomir D., (1968). *Bulgarski Tulkoven Rechnik*, Navka i İzkustva, Sofia,
- Aslan, Mehmet, (2003). *Bulgarca-Türkçe = Türkçe-Bulgarca, Fono Yayıncıları, İstanbul*.
- Belli, Handan, (2010). *Sabri (Seyyid Muhammed Emin) Dîvâni* (İnceleme-Metin), İnönü Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Türk Dili ve Edebiyatı Ana Bilim Dalı Yayınlanması Yüksek Lisans Tezi, Malatya.
- Beyrulla, İbrahim Tahsin, (1994). *Türkçe-Bulgarca Kılavuz Sözlük*, Deniz, Sofya.
- Chakalov, G., (1948). *Anglo-Bulgarski Rechnik: English-Bulgarian Dictionary*, Sofia.
- Constantine, Stephanove, (1914). *Complete Bulgarian-English Dictionary*, J.H. Nickoloff, Sofia,
- Develioğlu, Ferit, (2003). *Osmanlıca-Türkçe Ansiklopedik Lügat*, Aydın Kitabevi, Ankara.
- Günşen, Ahmet, (2008). “*Doğu Trakya Ağızlarının Şekil Bilgisini Belirleyen Temel Özellikler*”, Turkish Studies, Volume: 3/3, Spring.
- Gürsu, Uğur, (2013). *Lügat-ı Bulgarî*, Akademi Titiz Yayıncıları, İstanbul.
- Güven, Hikmet Feridun, (2014). *Mehmet Emin Sabrî Divan-ı Sabrî ve Tuhfe-i Sabrî*, Gazi Kitabevi, Ankara.

## Gürsu U. Mehmed Sabrı ve Tuhfe-i Sabrı an Lisân-i Bulgarî Adlı Manzum...

---

- İnal, İbnüleinin Mahmud Kemal, (2002). *Son Asır Türk Şairleri* (Kemalü's-Şuara), Hazırlayan: İbrahim Baştuğ, 4. Cilt, Atatürk Kültür Merkezi Yayınları, Ankara.
- Jelavich, Barbara, (2009). *Balkan Tarihi*, 1. Cilt, Küre Yayınları, İstanbul
- Kaya, Hasan, (2017). "Ahmed Resmi'nin Nazm-i Giridi Adlı Manzum Sözlüğü", Uluslararası Sosyal Araştırmalar Dergisi, Cilt: 10, Sayı: 51, Ağustos.
- Kılıç, Atabey, (2009). *Manzume-i Keskin*, Türk Dil Kurumu Yayınları, Ankara.
- Mehmed Sabrı, (1296). *Tuhfe-i Sabrı an Lisân-i Bulgarî*, Ahter Matbaası, İstanbul.
- Okumuş, Sait, (2009). "Muhammed Hevâî Üsküffî ve Türkçe-Boşnakça Manzum Sözlüğü Makbûl-i Ârif (Potur Şahidî) Turkish Studies (Klasik Türk Edebiyatı-Sözlüklerimiz), Volume 4/4, Summer.
- Süleymanoğlu Yenisoy, Hayriye, (2007). *Türkçe-Bulgarca Sözlük*, Milli Eğitim Bakanlığı Yayınları: 3241, Ankara.
- Şemseddin Sami, (2001). *Kâmûs-i Türkî*, Çağrı Yayınları, İstanbul.
- Vançef, Nikola, (1961). *Bulgarca-Türkçe Sözlük*, Bulgaristan İlimler Akademisi Yayınevi, Sofia.

### Түйіндеме

Анадолы топырағында Tuhfe деген атаумен аталатын бірнеше тілді сөздіктер XIV ғасырдан бастап кездеседі. XIX ғасырдың сонына дейін жалғасып келе жатқан бұл дәстүр бойынша дайындалған сөздіктің бірі – «Tuhfe-i Sabrı an Lisân-i Bulgarî». Бұл еңбектің ерекшелігі бір ғана түрік-болгар сөздігі ретінде қолданылуында. Сөздікте, шамамен, 2000-ға жуық түрік тіліндегі сөздердің болгар тіліндегі магыналары берілген. Мақалада сөздікте кездесетін мәтіндерден мысалдар келтіріп, «Tuhfe-i Sabrı»-дің мазмұны, тіл және жазу стилінің ерекшеліктері қарастырылған.

Мақала авторының мақсаты – бұл шығарманы түрік және бұлғар тілі салалары бойынша ғылыми-зерттеу жүргізіп отырған ғалымдарға таныту және ғылыми айналымға енгізіп, осы саланың ары қарай жүйелі дамуына үлес қосу.

**Кілт сөздер:** Сөздік, аruz, «Tuhfe-i Sabrı an Lisân-i Bulgarî Sabrı», бұлғар тілі, бұлғар- түрік тілдерінің сөздігі.

(Гүрсу У. Мехмед Сабри және «Tuhfe-i sabrı an lisân-i bulgarî» атты бұлғарша-түрікше сөздік)

### Аннотация

Многоязычные стихотворные словари, называемые Тухфе, встречаются в Анатолии, начиная с XIV века. Один из последних представителей этой традиции, относящийся к концу 19-го века, *Tuhfe-i Sabrı an Lisân-i Bulgarî* - единственный известный тюркско-болгарский стихотворный словарь. В словаре около 2000 тюркским словам были даны болгарские эквиваленты. В статье в первую очередь исследуются содержание, язык и особенности правописания *Tuhfe-i Sabrı*, затем предоставляется образец текста из словаря.

Цель данной работы заключается в ознакомление с данным словарем молодых ученых, которые специализируются на тюркских и болгарских языках, а также создание основы для будущих исследований.

**Ключевые слова:** Мехмед Сабри, *Tuhfe-i Sabrı an Lisân-i Bulgarî*, Болгаро-туркский словарь стихов, тухфе.

(Гүрсу У. Мехмед Сабри и тюркско-болгарский стихотворный словарь под названием «*Tuhfe-i sabrı an lisân-i bulgarî*»)

---

---

## ТІЛ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ

---

ӘОЖ 811.512

MFTAP 16. 21. 23

### “ДЕВОНИ ЛУГАТИТ ТУРК” АСАРИДА ПОЛИСЕМИЯНИНГ ИФОДАЛАНИШИ

### EXPRESSION OF POLYSEMY IN THE LITERARY WORK “DIVAN LUGAT AT-TURK”

Хамидилла ДАДАБОЕВ\*

#### Түйіндеме

Полисемия – көп мағыналылық, көп вариантылық, яғни сөзде (тілдік бірлікте, терминде) тарихи жағынан негізделген немесе мағынасы мен шығу негізі өзара байланысты екі және одан да көп мағынаның болуы. Лексеманың өзгеру динамикасы мен әрбір жаңа лексеманың тұра мағынасын анықтау үлкен мәнге ие.

Мақалада Маҳмұд Қашқаридың атақты «Диуани лұғат ат-турк» еңбегін жазуға әсер еткен полисемия феноменіне талдау жасалады. Тілдік мақалаларда берілген мысалдардағы түрлі тілдік факторлардың әсері нәтижесінен белгілі бір сөздің ғасырлар бойы қалыптасуындағы манызды өзгерістерді көруге болады.

**Кілт сөздер:** полисемия, лексикология, синоним, диуан, сөздік, сөз ұғымы.

#### Summary

Polysemy is realized by the method of transferring the name of a certain object, attribute, action into another object, a sign, an action and is considered a complex and multifaceted phenomenon of lexical polysemy. It is very important to identify the dynamics of changing the value of each lexeme and to determine the exact concept of each new lexeme.

The article deals with the analysis of the polysemy phenomenon, which had a significant impact on the works of Mahmud Kashgari “Divan Lugat At-Turk”. As a result of the various linguistic factors influence, significant changes occurred in lexical formations for several centuries, which are presented in the article by specific examples.

**Key words:** polysemy, lexicology, synonym, lexical meaning, sofa, dictionary.

Лұғат сўз бойликтинг аксариятини ҳозирги ўзбек адабий тилидагидек бир маъноли сўзлар ташкил этади. Моносемантик лексемалар сирасига *awurtta* “доя”, *алымчы* “қарз берувчи”, *элти*

---

\* Профессор, Сирдарё вилоят үқитувчилар малакасини ошириш институти. Тошкент-Узбекистон.

Professor, Institute of teacher improvement of Syrdarya region. Tashkent-Uzbekistan. E-mail:  
[abdurahmonova.1987@mail.ru](mailto:abdurahmonova.1987@mail.ru)

## **Дадабоев Х. “Девони луғатит турк” асарида полисемиянинг ифодаланиши.**

“улок”, этук “этик”, бутық “буток”, изи “келгуси йилдан кейинги йил”, *йа* “ёй, камон”, *йалма* “пахтали түн”, *кäбäз* “пахта, ғўза”, *кёрк* “кўрк, ҳусн”, *от* “ўт, хашак”, *пўк* “ўргимчак”, *самурсақ* “саримсоқ”, *сў* “кўшин, лашкар”, *тамур* “томир”, *тäркäн* хатун “малика”, *тоз* “тўзон”, *ушгун* “ровоч”, *хасны* “иштаҳа дориси”, *чэрғäи-* “саф тортмоқ”, чыл “терига тушган калтак изи”, *шабан* “темир ҳасса”, *қанағу* “ништар”, *қылыч* “қилич” сингари кўплаб лексема ва истилоҳларни киритиш мумкин. Айни чоғда, асардан қорахонийлар даври эски туркий тил ва лаҳжаларда қўлланишда бўлган анчагина кўпмаъноли сўзларга ҳам ўрин ажратилган ҳамда улар маромига етказилиб изоҳланган.

Маълумки, лексик кўпмаънолилик мураккаб ва серкиррали ҳодиса ҳисобланади. Ҳар бир лексеманинг маъно тараққиёти динамикаси алоҳида-алоҳида ёндашишни, изоҳлашни талаб қилганлиги боис лексемаларнинг маъно нозикликларини аниқлаш ва тартибга солиш жуда мушкул. Шу жиҳатдан мавжуд адабиётларда лексемаларнинг кўпмаънолилиги борасида илгари сурилган мулоҳазалар ўта мавҳум бўлиб, лексик маъно ривожи хусусида умумий тасаввур уйғотади, холос<sup>1</sup>.

Полисемия одатда муайян нарса-предмет, белги-хусусият, ҳаракат номини бошқа нарса-предмет, белги-хусусият, ҳаракатга кўчириш усули билан воқеланади. Кўчиришнинг табиатини, мавқеини муайян тилга хос бўлган маъновий қонуниятлар белгилайди<sup>2</sup>.

Махмуд Кошғарий кўп маъноли сўзларни изоҳлашда метафора йўли билан кўчиришга алоҳида дикқат қаратади. Чунончи, ҳар бир тинч ва барқарор, турғун, қимирламайдиган нарса *амул* лексемаси билан аталган. Шунга кўра юмшоқ феълли ювош кишилар ҳам *амул* дейилган (I, 104). Кези келганда *амул* лексемасининг метафорик маъноси орқали *алчақ* (I, 126) сўзи билан синонимик уяни шакллантирганини қайд этиш мақсадга молик.

Эски туркий тилда *башган* истилоҳи “50-100 ратл оғирлиқдаги катта балиқ”ни англатган. Лугнатависнинг қайд этишича, жамоанинг каттаси, раҳбарини ҳам шунга ўхшатиб, бодун *башганы* – жамоа улуғи, раиси деб аташган (I, 410). *Башган* лексемасининг анология йўли билан ҳосил қилинган маъноси кейинги даврларда ҳам сақланиб

<sup>1</sup> Раҳматуллаев Ш. Ҳозирги адабий ўзбек тили. Биринчи китоб.-Тошкент: Mumtoz soz, 2010 . - Б. 61

<sup>2</sup> Раҳматуллаев Ш. Кўрсатилган асар. Ўша бет.

қолган. Хусусан, ҳозирги турк тилида başkan истилохи “бошлиқ, раҳбар; раис; президент” маъноларини касб этган (ТРСл, 101). “Шоҳсиз ҳайвон” маъноси соқар зооними билан ифодаланган. Бирор нарса-предметга хос белги номининг бошқа нарса-предметдаги белгига кўчирилиши натижасида “икки чеккасигача сочи йўқ ёки сочи тўкилиб кетган кал киши” ҳам айни лексема, яъни соқар билан номланган (I, 389). “Қариндош-уруғ” маъносининг қандай йўл билан юзага чиққани хусусида Маҳмуд Кошғарий фикрига дикқат қаратамиз: Уруғ – ҳар бир нарсанинг уруғи: экиладиган уруғни ҳам уруғ дейдилар. Уруғ экди – уруғ экди, дона сочди. Қариндош-уруғни ҳам бунга ўхшатиб уруғтурғыз дейдилар (I, 95). “Ҳўл новда” эски туркий тилда тал сўзи билан аталган. Юмшоқ одамлар, кўпинча нозик ва хушқомат канизаклар толга қиёс қилиниб, тал бозлуғ дейилган (III, 171). Қадимги туркий тил ва эски туркий тилда бэг лексемаси асосан “хукмдор, раҳбар, бек” бирламчи маъносида қўлланган (ДТС, 91). Маҳмуд Кошғарий ушбу сўзнинг “хотиннинг эри” маъносини ҳам ифодалашини, бунда эркакнинг уйда бекларга ўхшатилгани назарда тутилганини таъкидлаган (III, 170). Луғатшунос сўз маъносининг метафорик йўл билан кўчиш ҳодисасига “тую тезаги” маъносини ифодалаган майақ лексемаси мисолида алоҳида тўхталган: Бу сўз тую тезагига хос бўлса ҳам, сўнг истиора асосида қуйникига ҳам қўлланган. Қай майақы – қўй қумологи каби (III, 182). Йиртқич қушлардан бири лочинни англатган лачын зооними “ботир йигитлар” кўчма маъносини ҳам ифодалашга хизмат қилган (Дадабоев, 2008: 3-8). Бирор нарса-предмет номининг бошқа нарса-предметга белги сифатида кўчиши “жилонжийда”ни англатган чыпқан лексемасининг қизилликда жилонжийдага ўхшаган чипқон ярасига нисбатан қўллангани луғатда эътироф этилган (I, 419) ва ҳ.к.

Метонимия, яъни ўзаро боғлиқлик асосида кўчиришга оид бир қатор фактик материаллар ҳам луғатдан жой олган. Хусусан, нутқнинг ҳосил бўлишида ўта фаол ҳисобланган инсон органларидан бирини номловчи тил лексемаси “мулоқот қуроли, мулоқот воситаси, лисон” маъносини ҳам англатган (I, 323). “Қуёш” маъносини билдирган кун лексемаси “сутканинг ёруғ қисми” семасини ҳам ифодалаган (I, 327), “Ернинг йўлдоши, яъни ой” маъносини ифодалаган ай лексемаси “30 кундан иборат бўлган вақт, муддат”ни ҳам англатишга хизмат қилган (I, 110). “Тери” маъносида ишлатилган қуйқа лексемаси теридан тайёрланган кийим, яъни “пўстин”ни ҳам англатган (III, 188). Белги

## **Дадабоев Х. “Дөвөн илгатит түрк” асарыда полисемияннинг ифодаланиши.**

---

номининг нарса-предметга кўчирилишига мисол тариқасида “тўқ сариқ ранг”ни ифодаловчи *a:l* сўзининг шунингдек, “тўқ сариқ, яъни апельсин рангдаги ипак кийимлик”ни англатгани хусусидаги қайдни келтириш мумкин (I, 110). Бир нарса-предмет номининг бошқа нарса-предметга ўзаро боғлиқлик асосида кўчирилиши “турли овқатлар билан тўла дастурхон” ҳамда “дастурхон” ни билдирувчи *тэрғў* сўзи изоҳида реаллашган (I, 403) ва x.к.

Синекдоха, яъни бир нарса-предмет номининг бошқа бир нарса-предметга қисм билан бутун муносабати асосида кўчирилишига доир баъзи мисолларни келтирамиз. Алалхусус, сәрк лексемаси “сопол идиш” қатори унинг синиқларини ҳам англатган (I, 335). Лугатда изоҳланишича, дон экинларининг ҳаммасига умумий равишда қўлланувчи *тарығ* фитоними “буғдой”ни, ўғузлар тилида эса “тариқ”ни англатган (I, 354). Йан сўзи “сон суяги” маъноси қатори “сон суягининг бош қисми”ни ҳам ифодалган (III, 175) ва x.к.

Лугатда қайд этилган кўпмаъноли сўзлар борасида рисоланинг аввалги бобларида ҳам баъзи бир мулоҳазалар билдирилганини ҳисобга олиб, Маҳмуд Кошгарий изоҳлаган полисемантик сўзларнинг семалари таркибини тасдиқловчи фактик материалларни келтириш билан чегараланамиз. Кузатишларимиз лугатдан ўрин олган кўпмаъноли сўзларнинг семик таркиби иккidan олтигача эканлигини кўрсатади. Чунончи, икки маънодан иборат кўпмаъноли сўзлар сирасига: *алын* 1. пешона, манглай; 2. тоғнинг баланд ва юмолоқ томони (Дадабоев, 2008: 107); *алп* 1. ботир, қаҳрамон (I, 77); 2. ботирлик қаҳрамонлик (III, 403); *арығ* 1. пок, тоза (I, 95); 2.дин. ҳалол (I, 328); *алқын-* 1.тамом бўлмоқ, тугамоқ; 2.ўлмоқ, вафот этмоқ (I, 255); *бар-* 1.бормоқ; 2. йўқ бўлмоқ, йўқолмоқ (I, 73); *бат-* 1. ботмоқ (қўёш); 2. чўқмоқ (II, 339); *бурун* 1.бурун; 2. тоғ бурни (I, 379); *бойын* 1.бўйин; 2. қилич дастаси (III, 189); *бўқ-* 1. йиғмоқ, бўғмоқ (сувни); 2. кўчма. тўпламоқ, йиғмоқ (II, 27); *бўрга* 1.бурга; 2.кўчма. енгил табиатли киши (I, 403); *кэнч* 1.бола, гўдак (II, 351); 2. ҳайвон боласи (I, 276); *кўргақ* 1. бел, курак; 2.эшкак (II, 335); *мончук* 1. мунчоқ; 2.тумор (I, 440); *қорум* 1.қоя, катта тошлар уюми; 2.кўчма.йиғилган, кўпайган (мол); *қырт* 1.калта, паст; 2.кўчма.бахил (I, 328) ва x.к.ларни киритиш ўринли;

уч маънони ифодалаган кўпмаъноли сўзлар парадигмасида *алтун* 1. олтин, тиллла (I, 142); 2. кўчма. пок, қимматли; 3. олтин (танга) (I, 101); *алық-* 1. пастлашмоқ; 2. қавармоқ, яллиғланмоқ, фасодланмоқ; 3. кўчма. ой кўрмоқ (Дадабоев, 2008, 200); *арқыш* 1. карвон (I, 122); 2. чопар; 3. хабар, нома, мактуб (I, 123); *билга* 1. ақлли,

доно; 2. олим; 3. ҳаким, ҳикматшунос (I, 403); *билиг* 1. ақл, фаросат; 2. илм, билим; 3. ҳикмат (I, 367); *битетиг* 1. китоб (I, 365); 2. ёзув, ҳуснихат; 3. тумор (I, 366); *бышиыг* 1. пишган, тайёр; 2. пишиқ; 3. қайнатилган (I, 353); *сатға-* 1. эзмоқ; 2. қўшилмоқ; 3. ўринма-ўрин қилмоқ (III, 302); қыйық 1. эгри-буғри (Ш, 182); 2. вафосиз, бевафо (III, 181); 3. хилофгарчилик (I, 100) каби лексемалар кўзга ташланади;

тўрт маъноли сўзлар сафидан *бош* 1. озод, эркин; 2. бўш, бўшатилган (ҳайвон); 3. бўш, бўшаган (кўл); 4. бўш, ажрашган (эрхотин); кёкрә- 1. бўкирмоқ; 2. кишнамоқ; 3. гулдирамоқ; 4. хайқирмоқ (III, 297) сингари сўзлар жой олган;

беш маънони англатган лексемаларга *баш* 1. бош, калла (I, 165); 2. жўмрак; 3. бошоқ; 4. чўққи (III, 365); 5. дарёнинг ёқориси (I, 323); *бас-* 1. босмоқ, эзмоқ; 2. босиб олмоқ; 3. эгалламоқ, кўлга киритмоқ; 4. зўрламоқ; 5. йиқитмоқ, қулатмоқ (II, 17); *бошу-* 1. озод бўлмоқ; 2. бўшаб қолмоқ (тугун); 3. озод қилмоқ, эркинлик бермоқ; 4. талоқ қилмоқ, ажрашмоқ; 5. бўшамоқ, равшанлашмоқ (ошқозон) (III, 281-282) ва ҳ.к.ни мисол тариқасида келтириш мумкин;

олти маъноли сўзлар ҳам луғатда ўрни билан қайд этилган. М.:  
кэч- 1. ўтмоқ, кечмоқ (дарёдан, сувдан); 2. қўчма. ўтмоқ (ёш); 3. ўтмоқ, кечмоқ (вақт); 4. ўтмоқ, содир бўлмоқ; фойдаланилмоқ; 5. ўтмоқ (каергадир); 6. ўлмоқ, вафот этмоқ ва ҳ.к. Юқорида зикр этилган мисоллар эски туркий тилда нафақат икки ва уч, балки тўрт, беш ҳамда олти маъноли полисемантик сўзларнинг ҳам фаол кўлланганидан далолат беради.

Махмуд Кошғарийнинг "Девону луготит турк" асарида қайд этилган синоним, антоним, омоним ва полисемантик сўзларни атрофлича ўрганиш ўзбек адабий тилида содир бўлувчи лексик – семантик жараёнлар динамикасини аниқлаш ва англаб етишда муҳим илмий- назарий аҳамият касб этади.

#### **Адабиётлар**

1. Дадабоев X. (2008). "Девону луготит турк"даги туркий тилларга хос фонетик ва лексик-семантик ҳусусиятлар ҳақида//Тилшуносликнинг долзарб масалалари 4. -Тошкент.
2. Дадабоев X. (2010). Илк эски туркий тилдаги антонимлар//Тилшуносликнинг долзарб масалалари 5.- Тошкент.
3. Дадабоев X. (2011). Илк эски туркий тилда эркак жисинсининг ифодаланиши// Ўзбек тилшунослигининг долзарб масалалари. Республика илмий-назарий анжумани материаллари. - № 5. -Тошкент.
4. Кучкартаев И. (1972). Лексика "Дивану лугат им-турк" М.Кашгари и современный узбекский литературный язык//Советская тюркология. -№1. - Баку.

## **Дадабоев Х. “Девони луғатит турк” асарыда полисемиянинг ифодаланиши.**

---

5. Махпиров В. (1978). *Вопросы этнической истории тюркских племен в «Дивану лугатит турк» Махмуда Кашигарского*// Исследование по киргизскому и казахскому языкоznанию. Материалы научной конференции молодых ученых-языковедов Киргизии и Казахстана. -Фрунзе.
6. Маҳмуд Кошғарий. (1960-1963). *Девону лугатит турк*. Т. I-III. Таржимон ва нашрға тайёрловчи филология ғанлари кандидати С.М.Муталлибов.-Тошкент.

### **Резюме**

Полисемия - многозначность, многовариантность, то есть наличие у слова (единицы языка, термина) двух и более значений, исторически обусловленных или взаимосвязанных по смыслу и происхождению. Определение динамики изменений ценности лексемы и точного смысла каждой новой лексемы имеет большое значение.

В статье проводится анализ феномена полисемии, повлиявшей на создание известного произведения Махмуда Кашигари «Диван Лугат Ат-Тюрк». В результате влияния различных языковых факторов на примерах, представленных в статье, можно увидеть важные изменения, происходившие при формировании тех или иных слов в течении нескольких веков.

**Ключевые слова:** полисемия, лексикология, синонимы, понятие слова, словарь.

**(Дадабоев Х. Дивани Луга Ат-Тюрк как выражение полисемии в литературе)**

### **Özet**

Polisemi, çok anlamlılık, çok değişkenlidir, yani, kelimenin (dil birimi, terim), tarihsel olarak belirlenmiş veya anlam ve kökleri ile ilişkili iki veya daha çok anlam sahip olmasıdır. Sözcüklerin değerindeki değişikliklerin dinamiklerini ve her yeni belirtecin tam anlamını belirlemek büyük önem taşır.

Makalede, Kaşkarlı Mahmud'un ünlü "Divan Lügat At-Türk" adlı eserinin oluşumunda etkisi görünen polisemi fenominin analizi ele alınmıştır. Çeşitli dilbilimsel faktörlerin etkisi sonucunda, makalede sunulan örnekler üzerindeki etkisinin bir sonucu olarak, birkaç yüz yıl boyunca belirli kelimelerin oluşumu sırasında meydana gelen önemli değişiklikleri görebiliriz.

**Anahtar kelimeler:** polisemy, lexicology, eşanlamlı, sözcük anlamı, sözlük, sözlük.  
**(Дадабоев Х. Edebi Çalışmalarında Polysemy İfadesi "Divanü Lugati't-Türk")**

**ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫРГЫЗ ТІЛДЕРІНДЕГІ ТҮРАҚТЫ  
ТІРКЕСТЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ НЕГІЗІ**  
**THE COGNITIVE BASIS OF SUSTAINABLE COMBINATIONS OF  
WORDS IN KAZAKH AND KYRGYZ LANGUAGES**

Қарлығаш САРЕКЕНОВА\*

**Түйіндеме**

Қазіргі танда жалпы фразеологизмдерді белгілі бір халықтың, ұлттың көзқарасын, өзіндік тәжірибесін, жалпы алғанда, дүниетанымын талдап тану үшін когнитивтік тұрғыдан зерттеу қажеттілігі туындалған отыр. Фразеологизмдердің бойында сол халықтың, ұлттың танымынан, шаруашылығынан, кәсібінен, мәдениетінен, жинақтай айтқанда, тұтас болмыс-бітімінен хабар беретін ақпарат болады. Осы орайда мақалада тұрақты тіркестерде ұлттық болмыстың даралық сипаты айқын көрінетін талданып көрсетіледі. Оның ішінде қазақ және қырғыз тілдеріндегі тұрақты тіркестердің танымдық негізі мифтік тұрғыдан ғалымдар тұжырымдарымен байланыстырыла сез болады.

**Кілт сөздер:** фразеологизм, сөз, миф, тұрақты тіркестер, қазақ және қырғыз тілдері.

**Summary**

It is now necessary to study cognitive terms in order to analyze common phraseology in order to analyze the identity of certain people, a nation, one's own experience and worldview. Phraseologisms contain information that conveys the whole truth about the collective knowledge, economics, profession and culture of this nation. In this case, the article analyzes permanent expressions of the identity of the national identity. In particular, the cognitive basis of regular expressions in the Kazakh and Kyrgyz languages is associated with the mythical findings of scientists.

**Keywords:** Phraseology, word, myth, regular expressions, Kazakh and Kyrgyz word, myth, sustainable collocation, Kazakh and Kyrgyz languages.

Жалпы фразеологизмдерді белгілі бір халықтың, ұлттың көзқарасын, өзіндік тәжірибесін, жалпы алғанда дүниетанымын талдап тану үшін когнитивтік тұрғыдан зерттеудің маңызы өте зор. «Таным процесі мен логикалық ойлау жалпы адамзаттық ортақ қасиет, ал бүкіл адам баласы үшін ақықат шындық болмыс біреу болғандықтан ғаламның біртұтас бейнесі де әр басқа тілде сөйлейтін халықтар үшін

---

\* Филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті. Астана, Қазақстан.

Candidate of Philology, L. N. Gumilev Eurasian national University (ENU). Astana, Kazakhstan.  
E-mail: [sarekenova\\_kk@enu.kz](mailto:sarekenova_kk@enu.kz)

біреу-ақ. Сейтсе де тіл иесінің ой-өресіне, концептуалды әлеміне байланысты әр тіл дүние ғаламның фрагменттерін өзінше өреді, бөлшектеп атайды, бейнелеп суреттейді, ал тіл өкілі ойының желісін өз тілінде бекіген ғалам бейнесінде құрады» (Сағидолда, 2011: 21). А. Потебня тілдің танымдық қызметінің қоғамдық, жеке, қоғамдық әрі жеке деген үш түрлі деңгейін бөліп көрсетеді. Бұлай бөлуінде тіл арқылы танылатын дүние бейнесінің жалпы адамзатқа ортақтық жағы мен жеке индивид қабылдауымен алғандағы даралық сипаты жатыр. Тұрақты тіркестерде ұлттық болмыстың даралық сипаты айқын көрінетіні зерттеу еңбектерінде жүргізілген талдауларда нақты көрінеді. Себебі фразеологизмдердің бойында сол халықтың, ұлттың танымынан, шаруашылығынан, кәсібінен, мәдениетінен, жинақтай айтқанда, тұтас болмыс-бітімінен хабар беретін ақпарат болады. «Оның себебі тілдің сөздік қорындағы өзге категорияларға қарағанда фразеологизмдер мен идиомалардың табиғаты барынша бағзылық сипатымен, басқа тілге мазмұнын да, формасын да аударуға, қайта өңдеуге келе бермейтін тілдегі «құймалылығымен» ерекшеленеді. Сондықтан да тұрақты сөз тіркестері ұлт тіліне тән, сол тілде сөйлейтін, ұлттың тұрмыс-тіршілігі мен болмысын меңгерген адамғана ұғына алатындағы ерекшелік, даралық болып табылады» (Нұрдәүлетова, 2011: 165). Ал ғалым Н. Уәлидің пайымдауынша, тұрақты сөз тіркестерінің табиғатына «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» тән, аз сөздің бойына халықтың дүниетанымы, барлық сезімдік категориялар тұтастай сыйып кеткен дейді: «Халық өзінің өткен дәуірлердегі наным-сенімін, түйсік-түсінігін, ой-қиялышын, тыныс-тіршілігін аз сөздің аясына сыйдырып, әрі әрлі, әрі нәрлі етіп ерекше өрнектей білген. Тұп төркіні беймәлім сөздердің сәті түсіп, кілті табылғандай болса, көп нәрсені баян етіп, халықтың өткендегі ой-қиялышын, тыныс-тіршілігін, дүниетанымы туралы сыр шертіп тұрады» (Уәли, 2007: 38). Тұрақты сөз тіркестері жайлы ғалымдардың айтқан пікірлерін, ойларын саралай келе оған тән төмендегідей бірнеше қасиеттерді атап кетуге болады: бағзылық, көнелік; мазмұны да, формасы да аударуға келе бермейтін; халықтың наным-сенімі мен ой-қиялышын, тыныс-тіршілігін белгілі болды. Фразеологизмдер тіл қазынасының ерекше бір

қымбат дүниесі – сөз жүйесінің ішінде шоқтығы биік болып көрінетіні де сондықтан.

Қазақ дүниетанымының тілдегі көрінісі фразеологизмдер арқылы айқын көрінетіні белгілі. Ал дүниетанымың бір ұшы мифтік танымға барып тіреледі. Миф пен сөз бір-бірімен тығыз байланысты.

Адамзаттың алғашқы дүниетаным негіздері миф түрінде көрінді. Яғни мифологиялық дүниетаным – ең ежелгі адамдардың ойлау жүйесі, тарихи сананың бір формасы. Жалпы, мифтік дүниетанымды ежелгі, адамзат санасының сәбилік кезеңіне жатқызу және миф пен діни дүниетанымды қатар қарау ғылыми көзқарастарда көп орын алған.

Адам баласының қарым-қатынас құралына арналған тілдің пайда болуының мифтік санамен байланысын қарастыра отырып, фразеологизмдердегі мифотектониканы анықтау қазіргі тіл білімі үшін өте маңызды зерделеу деп білеміз.

Неміс ғалымы М.Мюллердің тұжырымы бойынша мифтік дәуір тілдің пайда болуындағы маңызды кезең, миф дегеніміз – тілдің таңбалық сипатын ғана емес, ойды жеткізетін бірден бір қайнар көз.

Мифті зерттеу шет елдерде XVIII ғасырлардан бастау алады. Осы ғасырдың 20-жылдарындағы еңбегінде Дж. Вико мифтік кезеңді сипаттайтын алғашқы қауымдық құрылышқа, сол қоғамда өмір сүрген адамға назар аударады. Оның пікірінше, миф мәдениеттің пайда болуының алғашқы қайнар көзі. Дж. Вико алғаш рет мифті ғылыми нысанға алып, талдау жасайды.

XIX ғасырдың екінші жартысында мифологияны екі бағытта зерттеу орын алды. Бірінші бағыттағы – тарихи-салыстырмалы ұндіеуропалық тіл білімі мен көне ұнді-еуропа мифологиясы бағытындағы зерттеушілер Я. Гримм, А. Кун, В. Шварц, В. Манхардт, М. Мюллер, Ф. Буслаев, А. Афанасьев, А. Потебня; екінші бағыттағы, яғни антропологиялық және эволюциялық бағыттағы зерттеушілер Э. Тейлор, Э. Ленг, Г. Спенсер болды. Бұл бағыт негізінен кезеңдік даму ретінде қарастырып, этнографиялық тұрғыда салыстырмалы зерттеулер жасауға ұмтылды.

Украин ғалымы А. А. Потебня өзінің «Слово и миф» еңбегінде тіл мен мифті ұштастыра қарастырды. Ол тіл мен ойлау, сөз бер мифтің символдық теориясын жасады; мифтік таңбалар (символ) тіл мен ойлаудың байланысын білдіретіндігін айқындаі отырып, мифті тілдің және рухани дамудың бастауы дейді. Тіл мифтік әлеммен тығыз байланысты, тілдің нақты сөздік көрінісі, бейнесі мифологиялық

## **Сарекенова Қ. Қазақ және қыргыз тілдеріндегі тұрақты тіркестердің...**

---

дүниетаныммен байланысты болды, ғалымдар осы кезеңдегі тілдік танымды ұқсату, бейнелеу белгісімен түсіндіреді. Бұл жерде ғалым А. Н. Афанасьевтің сөз берілгенде өзінде алға тартады. Қазақ ғалымдарынан тілдің пайда болуы мен дамуын мифтік таныммен байланыстырып, лингвистикалық жақтан негіздел зерттеу өлі де болса үстірт. Тілдің мифпен байланысын негізге ала отырып, фразеологиямдердің мифтік «ядросын» талдан түсіндіру жұмысы осы мақалада жүзеге асырылмақ.

Тіл мен мифологияны тығыз сабактастықта деп танып, осы бағытта құнды тұжырымдар жасаған ғалым А. А. Потебня тілдік құбылыстың түп тарихында мифтік түсініктер мен бейнелердің трансформациясы жатыр, мифтік семантика сөздердің «астарында», яғни «ішкі қабатында» деп біледі. Оның символдар туралы теориясы тіл мен ойлау, сөз берілгенде миф арақатынасын қамтиды. Потебня жүйелеген мифтік теорияның мәні сөздің семантикалық қатарын тіл мен ойлаудың тұтас контекстінде қарастыру ұстанымында жатыр. Славян халық поэзиясындағы символдарды зерттеу барысында ғалым мифтің символикалық теориясын түзді. Бұл теориялық ұстаным бойынша біздің қазіргі қолдануымыздары кез келген сөз символ болып табылады. Себебі, олардың әрқайсысының тереңінде, түп бастауында мифтік мазмұн жатыр. Яғни сөзді, сөйлеуді тілтану тұрғысынан нысанға алғанда ондағы мифтік мазмұнға үнілудің мәні зор. Мифтің лингвистикалық теориясын ұсынушылар мен түзушілердің пікір-тұжырымдары бойынша бұл екі ұғым бір-бірімен тығыз байланыста. Сондықтан да болар, «Тілтану (лингвистика) ғылымы мифологиялық реконструкциясының ең басты құралы болып табылады, өйткені мифтің өзі көбіне сөз (ұғым, есім, атау), сөйлем, мәтін түрінде көрініс тауып, сол түрде тілде сакталады ғой. Тілтану мен мифтік реконструкция ажырамас жүпты құрайды. Тілтану салалары мен тармақтарының ішіндегі мифологиялық реконструкция үшін ең маңызды тұжырым жасайды мифтанушы С. Қондыбай (Қондыбай, 2004: 65-66).

Тілдің пайда болуын мифтік дүниетанымнан бөліп, екеуін алшактату объективті түрдегі интерпретациялауға қол жеткізбейді. Сондықтан да ежелгі дүниетаным болып табылатын миф болмысын тілдік бөлшектерден іздеңдеріру арқылы маңызды тұжырымдар шығары ақиқат.

Тілдік бейне, тілдік бөлшектер туралы сөз қозғағанда фразеологизмдерге тоқталудың мәні зор. Әйткені «фразеологизмдер – тіл иесі халықтың (этностиң) күллі дүние-ғалам жайлар ұғым-түсініктегінің, өзін қоршаған шындық болмысты қабылдауының, мүшелей тануының өзіндік ерекшеліктеріне байланысты тіл-тілде өзгеше болып өрілетін дүниенің тілдік бейнесін жасауға қатысадын әсем де әсерлі сөз өрнектері, тілдік метафоралық композициялар» (Сағидолда, 2011) болып табылады.

Академик Р. Сыздық атап көрсеткендей, «белгілі бір образды ұғымда қалыптасып, поэтизмге айналған фразеологиялық тіркестердің» (Сыздықова: 1993: 28) «жадында» мифтік таным сақталып қалғанына әбден сенуге болады. Жалпы тілдің символдық, метафоралық ұғымдармен байланысын осы «образдылық», яғни, астарлы мағынамен байланыстыра қарастырған жөн.

Сонымен, фразеологизмдер қарабайыр емес, олар белгілі дәрежеде бейнелілік сипатқа ие. Сондықтан да фразеологияны салыстырмалы түрғыда зерттеген Г.Сағидолланың поэтикалық фразеологизмдер туралы тұжырымына қосыла отырып, «Поэтикалық фразеологизмдер – суреттеме тұрақты сөз тіркестері, айрықша образды фразеологизмдер» (Сағидолда, 2011) екенін ескеріп, сөздің символ, метафора табиғаттылығының мәнін мифтерден іздейміз. Дүниенің болмысын бейнелеген тілдік модельдер ретіндегі фразеологизмдердің ішкі қабатында ұлттық дүниетаным, күллі жаратылыс, ғалам жайлар түсінік-танымдар жатыр. Бұған нақты талдаулар арқылы көз жеткізуімізге болады.

Қазақ фразеологизмдерінің ішінде «жеті қат жер», «төрткүл дүние» «үш әлем», «үш қиян», «сегіз қырлы, бір сырлы», «көшпелі дүние», «өткінші өмір» тіркестерінің байырғы танымдық астары терең. Біз айтып отырған «мифтік қабат» бұл мысалдардың бірінде айқын, бірінде көмескі түрде сақталған.

Жер бетінің пішінін мифтік дүниетанымда «төрт тарап», «төрткүл» сөзімен сипаттау беріде қазақтарға, арыда түркілерге тән. «Төрткүл» қазіргі қазақ тілінде қолданылатын сөз. Ол «Төрткүл дүние» тұрақты тіркесінің құрамында барынша түсінікті. «Төрткүл – түркілердің төл сөзі, ол «төрт бұрыш» дегенді білдіреді» дейді С.Қондыбай (Қондыбай, 2004: 149). Әуелгі қолданысында дүниенің горизонтальды пішінін сипаттайтын «төрткүл» кейінгі қолданысында тік беткейлі, үсті жазық тәбелердің атауына айналғанына қазақ даласындағы «Хантөрткүл» атанған тәбелер мысал.

Дүниенің төрт тарапты бейнесі «төрткүл», яғни «төртбұрыш» атауын туғызыса, бұл сөздің табиғатында бағзы «мифтік жадымыз» сақталып қалған. «Мифтік-эпостық кеңістіктің моделі» (С.Қондыбай) саналатын төрткүл дүниенің кішірейтілген, «мөлтек», яки «шағын» моделі жаңаша сипаттағы фразеологизмдермен бедерленді. Мысалы, XVII ғасырда өмір сүрген Ақтамберді жырау:

Өзенге бие байлатып,  
Төскейге орда орнатып,  
Төрткүлден ошақ қаздырып,  
Төбел бие сойдырып,  
Теменде бидің кеңесін,  
Бізде бір құрар ма екенбіз, -  
деп толғаса, қазіргі күннің ақыны Е.Раушанов: .  
Ұмытылып көкке, бұлтты ембек болып керік тау,  
Мұндана қапты миуасын жерге төгіп бау.  
Төртқараларға төрткүлден ошақ қаздырып,  
Төбел де бие сойғызар күзі келіпті-ау, -  
деп жырлайды.

Баба қазақтар жыл басын қарсы алғанда төрткүлден ошақ қаздырып, етін асып, қымызын сапырып, сән-салтанатымен тойлайтыны белгілі. Төрткүл дүниені коныс еткен елдің қасиетті саналатын ошағы да сол ғалам моделіне сәйкес «төрткүлден» қазылуы байырғы танымнан туындаған әрекет. «Төрткүлден ошақ қаздырган» бабалардың қарапайым тұрмыс-тіршілікті жұмбақ сырлы ғаламмен тығыз байланысқа құруының өзі маңызды үйлесімділікті көрсетеді.

Ғаламның көлденең моделі «төрткүл дүние» болса, тігіне кескінделетін пішіні «ұш әлем» түрінде. Олар – жоғарғы, ортаңғы және төменгі әлем. Мифтік дүнінетанымдағы бұл модель «ұш» сөзімен байланысты туындаған фразеологизмдердің мифтік тектоникасы. Осы «ұш әлемнен» «ұш қиян» ұғымы туындағаны айқын. XIX ғасырда ғұмыр кешкен «зар заман «акыны Мұрат Мөңкеұлының осы аттас толғауында «Еділдің бойы – қанды қиян, Жайықтың бойы – майлы қиян, Маңғыстаудың бойы – шаңды қиян» делініп, нақты сипаттама беріледі. Бұл атап «Қырымның қырық батыры» циклында көп кездеседі. «Ұш қиян» тіркесімен ертерек заманда қазақ жерінің жалпы поэтикалық атауы пішінделуі де мүмкін. Оны С.Қондыбай еске салады (Қондыбай, 2004: 109). Ғаламның ұш әлемнен тұратынына негізделген

танымнан туындаған «ұш қиян» тіркесі де ұлттық тілдік-мәдени құрылымнан маңызды орын алады.

Түркі тектес халықтардың көшпендей тіршілігі, танымы «көшпенділер» мифологиясының жүйесін туындатты. Табиғатпен барынша жақын, оған тәуелді болған көшпенділер үшін жыл маусымдары, табиғат құбылыстары, уақыт мезеттері тылсымға толы сырлы әлем болды. Өздерінің қолайлы тұрмысы, ізгілік мұраттары үшін табиғат құбылыстарын өмірмен тығыз байланыстырып, аяу райын, жыл мезгілдерінің қалпын болжауға талпынды. ғаламшарлар да көшпенділер үшін ерекше мәнге ие болды. Айды, Күнді, жулдызыды өздеріне бағдар етіп, тағдыры мен тұрмысын байланыстыру, оларды құрметтеу - көне түркілік мифологияның «алтын өзегіне» айналды. Оған мысал ретінде Алтай тілдері тобына жататын монгол және түркі тілдері тобындағы қазақ тілдеріндегі ортақ сипатты фразеологизмдерді атауға болады. Мифтік «астары» терең фразеологизмдер қатарында «айы оқынан туды», «жанын аузына тістеді», «жұлдызы жарқырады» тіркестерінің бастау негізін, қайнар көзін іздесек, көшпендей тіршілік кешкен көршілес халықтардың танымы мен тұрмысындағы ұқсастықтарды көреміз. Түркі дүниесі үшін Айдың ерекше мәні бар. Ай – жердегі тіршілік үшін көктен сәулесін төгетін ғажап сырлы ғаламшар. Айға мінәжат ету, жана ай туғанда «ескі айда есірке, жана айда жарылқа» деген мағынада бата жасау дәстүрі ежелден келе жатыр. Ежелгі дәуір адамдары қандай да бір іс-әрекетті, «әсіресе, жорықтарды айдың және жұлдыздардың орналасуына қарай жасайды. «Айы оқынан туды» деген тіркес осы танымнан туындал, мәдени жадымызда сақталып, бүгінгі күнге дейін қолданыстан шықпай келеді. Фразеологизмдері салыстырмалы түрде зерттеуші Г.Сағидолла: «Жолы болу, істер ісінің сәті түсе қалу»; «төрт құбыласы түгенделіп, қуанышына, шаттыққа бөлену» деген мағына беретін қазақ тіліндегі айы оқынан, жұлдызы солынан туу фразеологизмін монгол тілінің нар баруун хойноос гарах (сөзбе-сөз: «күн батыстан (оңтүстік батыстан) шығу, яғни күн теріс жақтан шығу») фразеологизмімен салғастырсақ, монголдық тұрақты тіркес пен қазақ тіліндегі фразеологизм бірдей образдық модельге негізделіп, синтаксистік құрылым тұрғысынан да өзара ұқсас болып келгендейгін байқауға болады» (Сағидолда, 2011), - дей отырып, бұлардың фразеологиялық жиынтық мағыналары бір-бірінен алшақ екенін айтады. Алайда, екі тілдегі тіркестердің жақындығы да бар. Ол жақындық – өмірдегі іс-әрекет пен пенделік көңіл-күй құбылыстарын ғаламшар қозғалысымен жеткізу. Адам мен

табиғатты тұтастықта, бірліктөн таныған байырғы көшпендейділік мифтік танымның жақындығын осылай пайымдауымызға болады.

Ай сияқты Жұлдыздың да «мифтік» дара бітімі бар. Ш.Уәлиханов атап көрсеткендегі, «көктегі әрбір жұлдыз жердегі бір адамның жаңына сәйкес келеді. Егер адам дүниеден қайтса, көктегі жұлдыз жерге ағып түседі. Қазақтар аққан жұлдызды көрсе «жұлдызым жоғары» деп бірнеше рет қайталап айтады. Бақытты адамды «жұлдызы жаңған жан» дейді» (Валиханов, 1958: 155-156). «Жұлдызы жарқырады» тіркесінің мифтік мәнін осылай тануға болады.

«Жан ұшыру» деген тіркес адамның қалпын танытады. «Жан» ұғымын мифтік тұрғыда ұшатын құс немесе шыбын түрінде таныту орын алғаны белгілі. «Аманат жан» ұғымының қалыптасуы да жанның тәннен өзге жақта да әрекет ете алатынына сенуден туындаған. Осы мағынаға барынша жақын «Жанын аузына тістеу» тіркесі жан мен рухқа қатысты танымды жаңғыртады. «Жаны көзіне көрінді» тіркесі де көшпелі тұрмыс кешкен халықтардың дүниені «көшпелі» деп таныған сенімін анғартады.

Қыргыз халқының ертегілерінде кездесетін тұрақты тіркестер мәтін жағынан байырғы дүниетанымдық қабатты жаңғырта отырып, символдық-поэтикалық мәнімен ерекшеленеді. Олар: «бұлтты көктің асты, буынды шөптің үсті», «жүректей жерден жұлындаі тұтін шығу» (Қыргыз халық ертегілері, 1902: 41), «өлмestің күнін көріп, өшпестің отын жағып» (Қыргыз халық ертегілері, 1902: 9) т.б.

Адам мекен етер кеңістік – «бұлтты көктің асты, буынды шөптің үсті». Ол тек қыргыздарға ғана емес, басқа да түркілерге тән таным. Сол мекенде әрбір тіршілік иесі «жүректей жерден жұлындаі тұтін шығарып», алда-жалда қындыққа тап болып, тұрмысы ауыр болса «өлмestің күнін көріп, өшпестің отын жағып» күн кешпек. Қалай болғанда да ғаламның «төрттік» (көлденен) және «үштік» (тігінен) пішіні, оның сан қатпарлы құрылымы тілдік-мәдени кеңістікте өзіндік «мифтік» болмысын жоғалтпай, адамзаттық ғұмырдың архаикалық «бастау» негізіне айналып, «тамыр» ретінде көктеп шығар бұтағы мен бүршік жарап жапырағына нәр береді. «Ғаламның тілдік моделін таразылағанда, мифтік-архетиптік құрылым ішкі» ядросына айналған фразеологиялық тіркестердің ұлттық сана мен болмысты шындаі түсудегі маңызын естен шығармаған жөн.

#### **Әдебиеттер**

1. Сагидолда Г. С. (2011). *Түркі-моңгол дүние бейнесінің тілдік фрагменттері*. – Астана: Сарыарқа. – 304 б.
2. Нұрдәuletova Б. И. (2011). *Когнитивтік лингвистика*. Оқулық. – Алматы: ҚР Жоғары оку орындарының қауымдастырылған жөн.

3. Уәли Н. (2007). *Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері*. Филол. ғыл. док. дисс.автореф: 10.02.02. – Алматы: А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, - 58 б.
4. Қондыбай С. (2004). *Арғықазақ мифологиясы*. Бірінші кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, – 512 б.
5. Сыздықова Р. F. (1993). *Қазақ әдеби тілінің тарихы*. – Алматы.
6. Валиханов Ч. Ч. (1958). *Избранные произведения*. – Алматы.
7. *Қыргыз халық ертегілері*. (1992). Алматы: Қазақстан, – 176 б.

### **Özet**

Günümüzde, dünya görüşünün genel kendini ifade etmesini ve bireyin, bir grup insanın veya bir ülkenin bütününe birikmiş deneyimini analiz eden bilimsel terimleri araştırmaya ihtiyaç vardır. Deyimler, bir ülkenin ekonomi, ev hayatı ve kültürü hakkında ortak bir bilgi içerir. Makalede, ülkenin özünü ve içinde yaşayan toplumu gösteren kararlı ifadeleri ele almaktadır. Kazak ve Kırgız Türkçelerindeki düzenli ifadelere ve ayrıca bilim adamlarının efsaneler ve efsaneler alanındaki keşiflerine özellikle dikkat edilmektedir.

**Anahtar kelimeler:** Deyimler, kelime, efsane, ifadeler, öykü, eşdizimlilik,  
**(Sarekenova K. Kazak ve Kırgız Türkçelerindeki Deyimlerin Bilişsel Temeli)**

### **Резюме**

В настоящий момент существует необходимость исследования научных терминов, анализирующих общего самовыражения мировоззрения и накопленного опыта личности, группы людей либо целой страны. Фразеологизмы содержат в себе коллективное знание об экономике, бытовой жизни и культуре этой страны. В статье рассматриваются устойчивые выражения, показывающие сущность страны и проживающего в ней общества. Особое внимание уделено упорядоченным выражениям в казахском и киргизском языках, а также открытия ученых в области легенд и преданий.

**Ключевые слова:** Фразеология, слово, легенда, устоявшиеся выражения, предание, словосочетание

**(Сарекенова К. Понятийные основы устоявшихся словосочетаний в казахском и киргизском языках)**

---

## ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР

---

ӘОЖ 821.0

MFTAP 17. 09.91

### ЖАРАТУШТРА ЖАСАҒАН ІЛМ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ТӨРКІНІ THE SCIENCE ZARATHUSTRA AND THE SOURCE OF KAZAKH PHILOSOPHY

Тоқболат ЕҢСЕГЕНҰЛЫ\*

#### Түйіндеме

Бұл мақалада дала пайғамбары атанған Жаратуштра – жиырма бір кітаптан құралған, поэзия тілінде жазылған әлемдегі тұңғыш шығарма «Авеста» атты қасиетті мұраның авторы екені дәлелденген. Ол дүние жүзі ғалымдарының ортақ тұжырымдары бойынша Орта Азияда, Амудария мен Сырдарияның Арап теңізіне құярлығындағы ежелгі Хорезм аймағында өмір сүрген. Ал бұл өнірді ежелден көне түркілер мекендеген.

Көне түркілердің Тәнірлік діні мен дала пайғамбары Жаратуштра есімімен аталған Зороастризм ілімі туралы жазылған «Авеста» шығармасын салыстырып қарастырғанда, бұл екі діннің арасында айырмашылық жоқ есебінде. Екі діндік шығармандың негізгі қағидасы – дуализм, яғни, жақсылық пен жамандықтың бітіспес күресі. Бұл екі дін де жақсылықты, адамгершілікті, шындықты, ұзак ғұмыр сұру жолдарын уағыздайды.

Мақалада екі дін де бағзы заманда рулық, тайпалық дәуірде жасалғаны мәлімденген. Мысалы, профессор М.Аджидің дәлелдегеніндегі, қытайлар жасаған тарихи деректерге сүйенгенде, көне түркілердің Тәнірлік діні б.з.б. V-III ғасырлар аралығында толық жасалып, үлкен аймақтарға тараған екен. Осы екі дін де дүниедегі барлық діндердің атасы болып табылады. Осы еңбекте «Авеста» кітабы мен соны жасаған Жаратуштраның дүниеге келген дәуірін тіпті бөліп тастауға болмайтыны айттылған. Бұл бағыттағы барлық ой-пікірлер, тұжырымдарды жинақтап бір ауыз сөзбен сырғымдай түйіндел, көне түркілердің негізін қалаған Сақ, Ғұн, Үйсін, Қаңлы тайпалары мемлекет болып дәуірлеп тұрған кезенде жасалған Зороастризм діні – «Авеста» кітабы – түркілердің Тәнірге табыну діні, асыл мұрасы болып есептеледі. Ал түркілердің Тәнірлік діні – қазақ философиясының негізі екені осы мақаладағылыми негізде тұжырымдалған.

**Кілт сөздер:** Жаратуштра, «Авеста», Тәнірлік – Зороастризм діні, қазақ философиясы.

\*Филологияғының докторы, профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-туркік университеті. Туркістан-Қазақстан.  
Doctor of Philology, professor, International K. A. Yassawi Kazakh-Turkish University. Turkestan-Kazakhstan.

### Summary

This article is devoted to the creation of the Field Creator, the author of twenty-one poems in the world, the author of the sacred heritage of the "Avesta". This is done in the ancient Khorezm region of Central Asia, the Amudarya and the Aral Sea of the Syr Darya in accordance with the general opinion of scientists around the world. And this region was inhabited by ancient Turks.

When we compare the work of the Avesta with Zoroastrianism, named after Zarathuhtra, the ancient Turkic people and the prophet of the steppe, there is no difference between the two religions. The main principle of two religious works is dualism, an endless struggle between good and evil. These two religions spread good, humanity, truth and longevity.

Both religions were created in the era of the aboriginal tribe. For example, according to Professor M. Aji, according to historical data made by the Chinese, the ancient religion of the Turks, between the AD. V-III centuries, it was fully developed and distributed in large regions. Both these religions are the ancestors of all religions in the world. Recall that, the book of the Avesta and the birth of the Creator of this book can not be divided. All ideas and conclusions in this direction are summarized as follows: Zoroastrian religion - Avesta is the religion of the Turkic worship of the Turkic people, which was created at a time when the ancient Turkic people founded the Sak, Uisin and Kangli tribes. And in this article the Turkic people are the subject of the religion of the Lord and the source of Kazakh philosophy.

**Key words:** Zarathuhtra, Avesta, Tengri - Zoroastrianism religion, Kazakh philosophy.

Көне түркілердің Тәнірлік діні мен дала пайғамбары Жаратуштра есімімен аталған зороастризм ілімі жазылған "Авеста" шығармасын салыстырып қарастырганымызда, бұл екі діннің арасында айырмашылық жоқ есебінде. Атап көрсетсек, екі дінде де дүниенің, әлемнің иесі, соны жасаушы біреу. Бұл екі ілімде де діндарлар тек жалғыз жаратушы бар деп ұғынған. Сонымен қоса, екі дінде де жалғыз құдірет аспанда тұрады. Соған сәйкес, осы екі ілімді мойындаушылар көктегі жалғыз әлемді жаратушыға табынады. Екі дінде де жалғыз жаратушының көмекшілері - жер, су, от, ай, күн, жұлдыздар... тағы басқалар болып саналады.

Екі діннің де негізгі қағидасы – дуализм, яғни, жақсылық пен жамандықтың, жарық пен қарангырың бітіспес күресі. Әлемді жасаған жалғыз құдірет және оның жақтастары дүниедегі барлық жанды затқа, тіпті өсімдікке дейін нәр беріп, тіршілік атаулыға түгелдей тек жақсылық жасауды, бейбіт, жетімді өмір орнатуды мақсат еткен. Сондай-ақ, татулықты, теңдікті сақтап, қанау, қорлауды жойып, әлемде жақсы тұрмыс орнатып, өлімді болдырмауды нысанан тұтқан. Түптеп сараласа, Жаратуштра ілімі гуманизмнің бітім, болмысын толық қамтып, қайта оны толықтыра түскен. Бұл жағынан «Авеста» діндік

дүниеден гөрі, рухани мұралардың бірегейі көркем шығармага жақын. Сондықтан да дала пайғамбары 21 кітаптан тұратын құнды мұраны поэзия тілімен жасаған болса керек. Екі нанымның да өзге шарттары осындай, кәдімгідей бір-бірінен айнымайды.

Бұл екі рухани мұра да бағзы заманда рулық, тайпалық дәуірде жасалған. Мысалға, профессор М. Аджи дәлелдегеніндей, қытайлар тарихына сүйенсек, көне түркілердің Тәнірлік діні ең көне дегендे біздің дәуірімізден бұрынғы V-III ғасырларда толық жасалып тараған. Әрі осы екі қасиетті дүние, негізінен барлық діндердің бастауы, атасы болып табылады. Бұл жөнінде тағы да профессор М. Аджи: "Христос туғанға дейін көп бұрын, түркілер (қышишақтар) жалғыз құдайға табынды, міне, олардың мәдениетінің ерекшелігі", – деп жазды (Аджи, 1994: 211).

Соған сәйкес, мына екі дін жайлы зерттегенде бір-бірінен ажыратып тастан қарастыру қиянатқа барғандай болып танылады. Өйткені, бұл мәселенің шыңырау түбіне зерттеушілер ойдана үңілсе, осы діндердің түбі бір екендігінің ақиқатын танытатын тұжырымдар келтіреді. Бұл орайда турасын айтсақ, дала пайғамбары Жаратуштра жасаған "Авестада" жалғыз жаратушы аспанда тұрады. Ендеше оны көктегі Тәнір демей не дейді. Шынында солай ғой. Жаратуштра әуелде өзі жасаған дінді осылай атаған. Кейін өзгеріске ұшыраған.

Сондықтан, шығыстану ғалымдары мәлімдегендей, Орта Азия халықтарының ортақ мұрасы болып табылатын қасиетті "Авеста" шығармасының қай дәуірде, қай жерде жасалынғанын, қай тілде шығарылғанын нақты білу арқылы Тәнірге табыну дінінің де туған дәуірін, жасалған мекенін, әуелде қай халықтың еншісіне жатып, кім шығарғанын толық анықтап, содан түйінді ғылыми тұжырым жасауға болады. Сөйтіп, осы мақсатқа сәйкес ең бірінші Тәнірлік діннің дүниеге келген дәуірін мәлімдеуге бет бұрайық.

Осындайда Тәнірлік ілімнің жасалған мерзімін зерттеуде алғаш осы саланы ұзақ уақыт зерттеген профессор Е. Э. Бертельстің енбегіне сүйенгеніміз орынды. Бұл ғалым осы мәселе жөнінде ой қорыта келіп: "Зороатуштра б.д. бұрынғы VI ғасыр аяғында өмір сүрген", – дейді (Бертельс, 1960: 35). Осы арада еске саларымыз, "Авеста" кітабы мен соны жасаған Жаратуштраның дүниеге келген дәуірін тіпті бөліп тастауға болмайды. Өйткені, зороастризм діні халық аузында, ел-елдер арасында Жаратуштрадан да бұрын пайда болғаны сөзсіз. Себебі, кез келген дін сол аймақ жұртының дәстүр-салтынан туындаиды. Ал мына шашыранды дүниені жинақтап, жүйеге түсіріп,

өзінше поэзия тілімен жасап, даналық ойымен құдіретті "Авеста" шығармасын дүниеге әкелген сол Жаратуштра абыз. Бұған "Авеста" кітабын тұтастай талдаң өкіған адамның көзі айқын жетеді.

Сондай-ақ, "Авеста" кітабы, зороастризм діні жайлыш жинақтайды, зерттеп, арнайы дәріс өкіған Ленинград университетінің ғалымдары жазған кітапта: "Авеста" шығыстың мың жылдық даналығын қамтыған. Сол ілімнің пайда болғаны шамамен б.д. бұрынғы VII-VI ғасырлар аралығы", – депті (Краткая история литературы Ирана, Афганистана и Турции, 1971: 3). Ал әзіrbайжан ғалымы М. А. Дадаш-Заде: "Қасиетті діннің негізгі жазылған "Авеста" кітабы б.д. бұрынғы VII ғасыр аяғында жасалынған", – дейді (Дадаш-Заде, 1979: 3). Сосын неміс философи Ф. Ницше "Зороатуштра солай айтқан" атты кітабында: "Зороатуштра шамамен б.д. бұрынғы VI ғасыр аяғында өмір сүрген", – дейді (Ницше, 1991: 300).

"Авеста" туралы діндік іліммен сабактас атеистік сөздік кітабында: "Зороатуштраның өмір сүрген уақыты шамамен б.д. бұрынғы VI ғасырдың бірінші жартысы", – деп көрсеткен. Эрине, ешқандай дәлел келтірілмеген. Одан кейін үлкен энциклопедияға қарасақ: "Пайғамбар Зороатуштра б.д. бұрынғы VI ғасырда өмір сүрген" екен.

Осы айтылғандарды ескеріп, түйінді тұжырым білдірсек былай: біріншіден, осы қоқтегі жалғыз тәнірле табыну ілімі Сырдария мен Өмудария өзендерінің арасындағы Хорезмде шамамен б.д. бұрынғы XII-IX ғасырлар шамасында ауызша қалыптасқан. Қысқасы, жинақталған ой-пікірлердің тұжырымы бойынша "Авеста" кітабы ең беріден санағанда б.д. бұрынғы VIII-VII ғасырлар аралығында жазылған. Осы кезең көне түркілер – Сак, Ғұн, Үйсін, Қаңлылардың күшті дамыған тұсына дәл келеді. Бұл байламға да алда нақты ғылыми деректер келтіріліп, көз жеткізіледі.

Бұдан әрі осы айтылған пікір, түйіндеулерді еске ұстай отырып, келесі кезектегі Тәнірлік діннің туған жері, хатқа тұскендегі тілі жөнінде маман ғалымдардың айтқан тұжырымдарының бірнешеуін келтірейік. Бұл іске ойыспас бұрын әдейі еске саларымыз – біздің бағзы заманда жасаған бабаларымыз әлем мәдениетін, әдебиетін жасауға кезінде өздерінің қомақты үлестерін қосып кеткені айқын. Бірақ соны танып игеруде біздер енжарлық, жасқаншақтық танытып келеміз. Бұған кешегі кеңес дәуірінің қылыш саясаты да елеулі кедергі жасаған сияқты.

Сол қызыл империяның алғашқы кезеңінде-ақ Россияның бодан елдерді езіп ұстай мақсатын жедел түсініп, соған дем беріп қуаттаған ірі тұлғалар, ғалымдар да болды. Мысалға, академик В. В. Бартольд сонау жиырмасыншы жылдың аяғында көне түркі мәдениеті жайлы жазған көлемді еңбегінде: "Өзбектің Абулхайыр ханы (1428-1468) әмірін жүргізіп тұрған кездің сонында, сол ханға наразылық білдіріп, шығысқа кетіп қалған көшпелілер "қазақ" деген атақ алды, бұл сөз әуелде еркіндікегі қарақшы деген мағынаны білдірді де біртіндеп халықтың атына айналды», – деп жазды (Бартольд, 1927: 99). Бұған ешкім үндемеді, әрине, саясаттан қорықкан болар.

Мұнан кейінгі зерттеу еңбегінде тағы да В. В. Бартольд: "Қазақ қарақшы, бүлікшіл, ұрыншақ деген мағынаны білдіретін түрік сөзі", – деді. Оның бұл пікіріне ешкім қарсылық білдірмеді. Соның салдарынан Еуропа ғалымдарының бірталайы көне түркі шығармаларынан жылт еткен жаңалық көрсе, соны "Өзге елден алған, басқа халықтан үйренген" деген жалған қағиданы қалыптастырып жіберді. Барлық түркі жұртын солай кемсітіп ұстады.

Осындағанда өзімізден шыққан кейбір еліктегіш зиялыштардың бойынан казірде де табылуда. Мұнданда жағымсыз әрекет тағы да ретсіз бір қапталдан қылаң бермес үшін алдын-ала әдейі еске саларымыз бар. Сол "Авеста" шығармасының қайдан шыққанын, негізі кімнің мұрасы екенін зерттеп ашу мәселеңін әлемнің шығыстанушы ғалымдары әлдеқашан-ақ қолға алып, бұл аса көлемді даналық мұраны тек парсыларға телу орынсыз деп тауып, осы қасиетті кітапты алғаш жасаған тұлға – көне түркілер мекендеген жерден шыққан дағы пайғамбары Жаратуштра екенін білдірді. Бұған ағылшынның ірі ғалымы Мэри Бойстің: "Зороастризм негізін қалаған Жаратуштра – көшпелі Азия даласының ұлы, Еділдің шығыс жағын мекендеген тайпалардан шыққан", – деп жазғаны толық дәлел болады.

Бұл бағыттағы бір сүйсінерлік жәйт, соңғы кездері өзіміздің ғалымдар мен жазушылар арасында "Авеста" шығармасын қазақшага аударып, оның жұмбақ сырын ашуға талпының жасаған зиялыштармыз көріне бастады. Бұған белгілі ақын Ә. Дастанұлы "Авестаны" аздал аударумен бірге, оны философиялық тұрғыдан зерттей келіп: "Демек, Зороатуштраны ғасырлар қатпарының ар жағында өмір кешкен біздің тұп бабамыз деуге толық қақымыз бар. Олай болса, біздің қазақ философиясы сонау замандар жотасынан бойы озып тұрған озық ойлы Зороатуштрадан, оның ұлы шығармасы «Авестадан» бастауға хақымыз

бар болса керек. Бұған жоғарыда біз "Авестадан" келтірілген мысалдар бұлтартпас дәлел", – деп айтқаны айғақ.

"Авеста" шығармасының тілі жөнінде бұл мұраға арнағы талдау жасағанда өз ойымызды білдірдік. Қысқасы, осы шығарма қай жерде туса, сол жердің тілінде жасалатыны анық. Олай болса, "Авеста" тілі – сол қасиетті даналық қітап туған жер, академик В. В. Струве айтқандай: Орта Азия – зороастризм бесігі болған. Осы саланың білгірі Е. Э. Бертельстің түйіндеп білдіргеніндей: "Авеста" тілінің отаны – Скиф-сақ тілінде сөйлейтін Орта Азия жері. Ал тарихи дерек бойынша, бұрын мәлімдегеніміздей, Скиф-сақтар ежелден Орта Азияны мекендерген, тілі бағзы заманда қалыптасқан, көне тілдердің бірі.

Бұған профессор А. Аманжоловтың Сақ дәүіріндегі рухани мұраларды зерттей келіп: "Бұл жазудың аса бір құндылығы – ертедегі Қазақстан жерін мекендерген Сақ тайпаларының тілі – көне түркі тілі болғандығын тағы да нақты дәлелдей түседі. Бұдан 2500 жыл бұрын түркі тілдес тайпалардың алфавиттік жазуды білгендігін және оны кең түрде пайдаланғандығын кең түрде куәландырады", – деген сөзі дәлел (Аманжолов, 1996: 43). Сондай-ақ, осы скиф-сақ тілінің ұлан-байтақ өлкелерге тарағандығын энциклопедияда: "Скиф тілдері Қара теңіздің солтүстігі мен Каспий атырабына, Дунайдан Яксартқа (Сырдария) дейінгі өңірге тараған", – деп мәлімдеген. Дәл сол сияқты, "Авеста" шығармасы да әлгіндегі көлемдегі аймаққа тараған. Әрі бұл шығарма сол тайпалар күшейіп тұрған тұста жасалған, Демек, көне түркі жазуы б.д. бұрынғы IX ғасырда Арабия түбегін мекендерген көшпелі Семит тайпаларының бірі – Арамейлер жазуымен ілесе шыққанға ұқсайды.

Сондай-ақ "Авеста" діндік шығарма болғандықтан, оны алғашқы кезден-ақ жрецтер жаттап айта бастаған. Ал жрецтер – сол тұстағы Жаратрушта сияқты соның жолын жалғастыруышы тұлғалар. Бұған грек саяхатшысы Повзанидың: "зороастристер тәнірге табынғанда абыз-жыраулар кітаптан оқып әндегіп айтады", – дегені дәлел (Карауулу, 1994: 8). Сосын, "Авеста" діндік және даналық шығарма болғандықтан қолдан-қолға, елден-елге тарап бөлшектеніп кеткені рас. Тағы қайталап айтуды қажет ететін нәрсе: сол кездегі рутайпалар арасындағы толассыз шапқыншылық, аяусыз езу – осы шығарманың алғашқы нұсқасының тоз-тозға түсуіне басты себепші болды. Ал бұл асыл мұраның бұрынғы қалпын онша жоғалтпай сақталуына бірден-бір тірек болған – әуелгі кезден-ақ "Авеста" шығармасын діндік қагида есебінде сөзін онша көп өзгеріске ұшыратпай жаттап айту табынушыларға басты парыз саналған.

## **Т. Еңсегенұлы. Жаратуштра жасаған ілім және қазақ философиясының...**

---

Бұл бағыттағы барлық ой-пікірлер, тұжырымдарды жинақтап, бір ауыз сөзбен сығымдай түйіндересек, көне түркілердің негізін қалаған Сақ, Ғұн, Үйсін, Қаңлы тайпалары мемлекет болып дәүірлеп тұрған кезеңде жасалған, солар қорғап, жасырып, жоғалып кетуден сақтап қалған, ең бастысы – көне түркілердің тұңғыш діні, даналық жыр кітабы болған, солардың нағым-сенім, салт, дәстүріне мәнгілік өзек етіп тартылған, әрі түркі жерінде – Сырдарияның Арас тенізіне құярлығына жақын өнірде өмір сүрген дала пайғамбары Жаратуштра тудырған, соның есімімен аталған – Зороастризм діні – "Авеста" кітабы – түркілердің Тәнірге табыну діні, асыл мұрасы екені анық.

Олай болса, көне түркілердің ежелден рухани дүниесіне айналған Тәнірге табыну ілімі – біздің дәуірімізден бұрынғы VIII-VII ғасырлар аралығында жасалған. Демек, Қорқыт ата табынған ілім, Қорқыт философиясы – Жаратуштра жасаған ілім, Жаратуштра философиясынан бастау алады. Біздің арғы бабаларымыз – көне түркілер жасаған өркениетті құндылықтар осылай қалыптасып өрістеді. Егемендік алғаннан кейінгі баршамыздың айнымас міндетіміз – сондай тарихи құндылықтарды зерттеп игеру. Сөйтіп, қазақ философиясының арғы төркіні Жаратуштра ілімінде, "Авеста" шығармасында жатқанын мойындал, соны әрі қарай терендете зерттеп, барлық белгісіз, түсініксіз қыр-сырларын ашып, жүртшылыққа біліктілікпен, ғылыми негізде танытуымыз керек.

Кеңес дәуірінің алғашқы онжылдығында Қызылорда облысы Жалағаш ауданы төңірегіндегі есімі елден асып көрші Өзбекстан, Қарақалпақстанға кең тараған атақты жыраулар Сәрсенбай Бөртебайұлы, Жиенбай Дұzmамбетұлы және басқалар «Ескіліктің қалдығын насиҳаттап жүр» деген желеумен құғынға түсіп, қамалып, қатаң шаралар көрілді. Ал негізінде, қазақ хандығы дәуірінде, яғни, XV-XVIII ғасырларда философиялық ой-толғамдар жыраулық поэзия арқылы дамығаны рас. Олай болса неге жыраулық өнерге ұзак-ұзак уақыт тиым салынды?

Әйткені, социалистік қоғам орнатудың алғашқы адымынан бастап қазақ жеріне Кеңестік құндылықтар еркін ене бастады, ізінше коммунизм туралы ілім бой көтеріп, марксіл-лениндік философия қуаты зор күшке айналды. Осы Кеңес дәуіріндегі ілім күштеп мойыннатумен адам бойына судай сіңіп, қан тамырлар арқылы бүгінгі ұрпақ бойына дарыған сияқты. Менің пікірімше, Егемендік, тәуелсіздік алғаннан соң елімізде демократия, өркениеттік құндылықтар кеңінен

орныға бастап, оған кең жол ашылды. Әйтсе де осы сала мамандары әлі де жалтақтап, білімділікпен батыл қимылдамайтын сияқты сезіледі.

Жарайды, қазақ философиясының төл тарихын Асан Қайғы мен Мұхаммед Хайдар Дулатиден бастадық. Шынында, Асан Қайғы – ұлттық тұлға, ол өз халқының қамын, болашағын ойлап «Жер ұйық» ілімін дүниеге әкелді. Әділінде, Асан ата адам, ел мен жер, құтты мекен үшін сан-сала ойға, қайғыға батты. Соған сәйкес оны жалпақ жүргілдешілдегі «Асан Қайғы» деп атаған. Негізінде, жинақталған дерек бойынша Асанның әкесінің аты – Саятшы Сәбит. Асан Қайғы – Шыңғыс ханың замандасы, «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» деп мәтелге айналған Майқы бидің алтыншы ұрпағы.

Айрықша байқалғаны, Асан ата көптеген терең ойға суарылған жыр, нақыл, терминдермен қатар әсте тозбайтын философиялық толғауладар шығарып, сондай даналығымен елге кеңінен танылған. Өлемдегі тұңғыш кітап «Авеста» шығармасын жасаған, Тәңірлік ілімді тудырған, Дала пайғамбары атанған Жаратуштра сол қасиетті кітапта «Абыз» деп арнайы атаған. Асан Қайғы да сондай деңгейдегі әйгілі Абыздың бірі. Асан ата сөз өнерінің құдіреттілігін өзінің терең ойшылдығымен айқын танытқанын осы салада жазылған еңбекте: «Асан Қайғының философиялық мұраларындағы басты бір ерекшелік ол қазақтың даналық ойларының шығу тегіне айрықша назар аударуымен тығыз байланысты. Осы түрғыдан алғанда даналық ойдың қайнар көзі болған сөз өнеріне ерекше мән беру осы Асан атадан басталған десек, асыра айтқандық емес, тыңдалап көрейік:

Таза мінсіз асыл тас,

Су түбінен шығады.

Таза мінсіз асыл сөз,

Ой түбінен шығады, – дейді Асан Қайғы (Рахымжанов, Сагатова, 2013: 100). Асан Қайғы гуманизмі, оның этикалық дүниетанымы және жыраулық поэзия мен философиялық құндылық қасиетін сөз өнерімен дәлелдеп көрсетуі Асан атаниң ірі ойшылдығының белгісі.

М. Хайдар Дулатидің «Тарихи-и-Рашиди» атты кітабында «құнә» ұғымына өзі өмір сүрген заман ойшылдарының еңбектеріне сүйеніп философиялық пайымдау жасағаны елеулі жетістік, Шын мәнінде ол – сөзбен заманды бейнелеген ойшыл, белгілі қоғам қайраткері.

Бұдан әрі осы бағытта ой ағымына орай ежелгі дәуірге қарай аз-кем үнілсек, бағзы заманда мәдениеті дамып, өркениетке жеткен

әлемдегі елдердің бәріне даңқы кеңінен жайылған Сақ ғұламасы Анахарис Скафскийдің (Скиф Анахарис) өмір жолы, ғұмыр кешкен дәуірі, даналық болмысы бүгінгі ұрпаққа толық жетпей жатыр. Өздерінің ұлттық рухын биікке көтеретін жүрттар жеті қат жер астындағы тарихына құштарлықпен қарап, байқалған, көмекі тартқан жетістіктерін шүқшия зерттеп, бабалардан қалған құндылықтарын әлемге танытуы – өте зерделі іс. Біз болсақ жайбасарлықты бойға сіңіріп алған сияқтымыз. Бұл жөнінде белгілі зерттеуші М. Байеке: «Отанына сол кезде оралмай қалған сақтардың ішінен көне заманғы ғылым мен білім саласында аты аңызға айналған «Скиф Анахаристі» еске түсірмей өтіп кету дұрыс болмас. Фалымдардың біржакты зерттеп, пікір тудырып жүргеніндей, көшпелілер тек қана жаугершілікпен айналыспаған, өнер де, рухани нәр де қуған. Оған Геродот пен Страбонның өзі ғұлама деп мойындаған фәлсафаши, шешен Анарыстың даналық ілімі толық дәлел. Аты аңызға айналған Сақ данышпанының нақты өмірбаянын қазір зерттеп жатқан ешкім жоқ», – деп қынжылады.

Скиф Анахарис шамамен б.з.б. 625-555 жылдар аралығында өмір сүрген, ол Мәди патшаның қапыда көз жұмар тұсында дүниеге келген болуы керек. Мәди – Скиф-Сақтардың патшасы. Ол б.з.б. 650-625 немесе 607 жылға дейін патшалық құрады. Осылай Алдыңғы Азияға нақтырақ айтсақ, Мидияға Скифтер 28 жыл билігін жүргізді. Бұған Геродоттың: «Ведь, как я уже сказал раньше, скифы 28 лет владничествовали в Верхней Азии. Когда затем после 28-летнего отсутствия спустя столько времени скифы возвратились в свою страну, их ждало бедствие, не меньше чем война с мидянами: они встретили там сильное вражское войско», – деп жазғаны дәлел (Геродот, 1999: 172). Анахаристің ата-тегіне келетін болсақ, бұл жайлы Геродот: «Анахарис был дядя по отцу скифского царя Иданоириса, сын Гнура, внук Лика и правнук Спаргапейоса», – деп жазады.

Анахарис өнер мен даналықты ғана емес, сақтардың әскери шеберлігінің қыр-сырын жетік білген. Бұл туралы атақты философ Диоген: «Скиф Анахарис Гнурдың ұлы және скиф патшасы Кадиуттың бауыры еді, оның шешесі грек қызы, сондықтан да ол екі тілді де білетін. Анахарис скифтер мен эллиндықтардың дәстүрі, өмірді жеңілдетудің жолдары туралы жазды және әскери айла-тәсіл жөнінде сегіз жұз өлең шығарды. Ерекше шешендігімен көзге тұсті, «скифтік сөйлеу өнері» деген мәтел оның осы қасиетіне байланысты қалыптасқан» (Ларетский, 1979: 34-35), – деп мәлімдеген.

Бұл ғұламаның өмірінің соны түйіні жөнінде М.Байекенің жазуынша: «Отанына оралған Анарыстың өмірі өз елінде, Сақ даласында аяқталған. Өлім аузында жатқан Анарыс: «Элладада менің ақылым сақталса, туған елімде қызғаныш құрбаны болды», – деп айтыпты.

Әйгілі ойшыл Анахарис Скифский жөнінде Ф. Есімов: «Объективтік идеяны философияда дәлелдемек болған грек ғалымы Платон Анахарсистен үш жұз жыл кейін өмір сүрген, Платон (б.д.б. 424-347) сақ ойшылы Анахарсисті өте құрмет тұтқан», – деп пайымдайды. Олай болса, Анахарис шамамен б.з.б. VIII-VII ғасырлар аралығында өмір сүрген еken. Ал «Авеста» шығармасы б.з.б. VIII-VII ғасырлар ішінде жасалған. Ендеше Сақ кеменгері Анахарсистің даналық ойлары қасиетті «Авеста» кітабын жасауға ықпалы тигені сөзсіз фой.

Сонымен, ұсынбақ ойымызды сығымдап білдірсек, қазақ халқы – көне түркілердің арғы тегі саналған Скиф, Сақ, Fұн, Үйсін, Қаңды тайпаларының негізінде қалыптасқан. Бұл мәселе «Орхондағы түркі руна жазба дастандары» атты еңбектегі «Қазақ тайпалары Орхон жазбаларында, олардың мәдениеті жайлы мәлімет» деген тарауда кең тұрғыда талдау жасалып, ғылыми негізде тұжырымдалған (40-б.). Соған орай, қазақ философиясының төл тарихын б.з.б. VIII-VII ғасырлар аралығында ғұмыр кешкен әйгілі ғұлама Анахарис Скифскийден неге бастамаймыз? Айтпақшы, Есіктен табылған «Алтын Адам» атанған сақ билеушісінің корымы да б.з.б. VIII-VII ғасырларға жатады. Осы кеменгердің өмір сүрген дәуірі жайлы деректер әлі зерттей түсуді қажет етеді.

Ежелгі бабалар жасаған түркілердің көне мәдениетін жанкештілік, білімділікпен өзіміз іздел тауып жария етпесек, ұstemдік жасап қалған империялардың кейбір ғалымдары Орта Азия халықтарын «Өзге елдің емшегін емген» етіп көрсетуге құштар-ақ. Шындығында олай емес. Түйіндең білдірсек, көне түркілердің төл жазуының туындауына олардың осы Тәңірлік діні тікелей әсер еткен деуге болады. Ақиқатында, сол кез, заман, дәуір талабына өте қажеттілікпен жасалған маңызы құнды, әсері зор қасиетті Тәңірлік дін өзімен бірге жаңа жазуын ала келеді. Өйткені, халыққа пайдалы тың жетістік жүртшылыққа ауызша тараса үлкен аймақты қамтуы мүмкін емес, әрі тұластығын, мән-мазмұнын жоғалтады. Соған сәйкес мақсаты айқын, көнілге қонымды құшті дін өз жазуын сөзсіз туындалады.

Қысқасы, көне түркілердің Тәнірлік діні – түркі руна төл жазуын ала келді. Бұл алфавитіміз біртіндеп дамып, орнығып, толысып, ата-жүрттың бәріне тарады. Әсіреле қытай жазуымен ілесе өрістеп, нығайып, біздің дәуірімізге жан-жақты қалыптасқан іргелі жазу ретінде танылып Орхон, Енисей, Тараз, Алтай, Тұрған өнірлеріндегі 500-ден астам мәдени ескерткіштер түркі руна қарпімен биік қабырға тастарға, қағазға түсірілді. Өлемге әйгілі Күлтегін, Білге қаған, Тонықөк, Онгин, Күлі-Чұр тәрізді философияға суарылған жазба дастандар түркілердің төл алфавитімен биік тастарға тор көз дәптерге жазғандай етіліп сыйылыстырылып, көркемдікпен түсірілді.

Бұл айтқанымызға тағы қосарымыз бар, ойшил, ақылды бабаларымыз биіктігі екі метрден астам қабырға тастарды мәңгілік жазба дәптерге айналдырумен бірге, сол тастарға қашап түсірілген түркілердің көптеген таңба, белгі, сызба суреттері кәдімгі дана філософттарша сөйлеп тұр. Мысалға, «Енисей бойындағы көне түркі руна жазба өлеңдері» атты бірінші томда «Таңбалар орналастырылған парак» деп аталатын беттегі бірінші суретте жақпар тасқа ойып түсірілген таңба-бейнелер кескіні-пішіні салынған. Сондағы ортадағы тік сзықпен жалғасып, екі доғадан құралған таңбада көне түркілердің терең філософиясы – мәңгілік даналығы жатыр. Бұл таңбаның жоғары жағы – төбесі ашық доға. Мұнда кәдімгі анау көк – аспан бейнеленген, тәменгі тәңкерілген доғада – төсі түкті Жер-ана бедерленген. Ортадағы тік сзық – Жер мен Қектің ортасын Адам ұлы жалғап тұр деген ұғым. Осы жақпар тасқа қарапайымдылықпен қашап түсірілген таңбада көне түркілер табынған дін, нанымның ең негізгі түйіні мен бас елтаңбасы тұжырымдалған, сол бас таңба – Адамның басы көкте, аяғы жерде дегенді мегзейді.

Бұл жай ғана таңба-бейнеге сыйғызылған көне түркі філософиясының жұмбақ құпиясын түркі империясын орнатудағы ұлы жорықтағы әскер қолбасшысы Күлтегін батырға арналған қабырға тастағы көлемді жазудың батыс жақ беті, екінші бөлімде:

1. Жоғарыда көк тәнірі,  
Тәменде боз жер аралығында,  
Екеуінің ортасында Адам ұлы жаралған.  
Адам ұлының үстіне ата-тегім  
Бумын қаған, Иstemі қаған отырған –

деп жазылған (Еңсегенұлы, 2013: 220). Осы поэзияға орап берілген, үш сзықтан құралған таңба-бейне – үш қатпарлы дүниені танытады. Олар: Көк – аспан, қасиетті Жер – ана, екеуін жалғаган Адам ұлы. Бұл

ұшеуі өзара байланыста. Соның ішінде Адам ұлы екеуіне де тәуелді.

Қазақтың ірі ойшыл ақыны Ш.Құдайбердіұлының «Ұш анық» деп аталатын философияға құрылған еңбегіндегі «Ұждан дегеніміз – ынсап, әділет, мейірім» (Құдайберді, 1991: 13) деген тұжырымдама сөзі жоғарыдағы Күлтегін жазба ескерткішінен келтірілген жыр шумағымен сабактасып жатыр. Ал жоғарыдағы шумақтың соңғы екі тармағында: «Адам ұлының үстіне ата-тегім Бумын қаған, Иstemі қаған отырған» деп айтылған. Оның мәні мынау. Ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлы өлеңмен өрнектеп халқына ұсынған адамгершіліктің бес озық қасиетін бойына сіңірген адам жалғыз жаратушының қолдауымен көкке қарай көтеріліп, ел басқарады екен.

Философия ғылымы саласындағы ғалымдарымыздың бірталайы бұл бағыттағы ой, тұжырымдарын Сыр бойында ғұмыр кешкен Оғыз ұлысының данасы Қорқыт атадан бастайды. Мысалы, бірнеше зерттеушілер бірігіп жазған «Қазақ рухының философиясы» деген еңбектің «Қорқыт атаның өмірін және өзі ескен ортасын аңызға айналдырып жібереді. Бұл да түсінікті сияқты. Өйткені Қорқыт сияқты адамның шығармаларымен таныса отырып, оның ой зердесінің, философиялық толғамдарының өзі пайда болған қауымнан әлдеқайда жоғары тұрғанын аңғарамыз» (Рахымжанов, 2013: 45), – деп жазылған.

Бұл үзіндіде орынды пікірлер айтылған, Қорқыт ата өмірін, ескен ортасын қиялға, мифке айналдыру әрекеттері әлі шынымен басым. Соған сәйкес Қорқыт ата жайлы аңыздарды санаға салып сұрыптап пайдаланған дұрыс-ау. Екіншіден, бұл баба жайлы қазақ аңыздарының бірталайы, негізгілері көне түркілердің Тәнірлік ілімінің қағидаларынан туындаған. Осы еңбек авторлары Қорқыт ата ілімі бастауын қайдан алғанын айтпайды.

Тұрасына көшкенде, Қорқыт ата әлемдегі тұңғыш даналық кітаптың бірегейі «Авеста» кітабын және зороастризм дінін жасаған, дала пайғамбары Жаратуштраның ілімін тіkelей жалғастыруши. Ол жасаған «Авеста» кітабы Амудария мен Сырдарияның Арал теңізіне құярлығындағы Хорезм өңірінде туындағаны ғылыми негізде тұжырымдалды. Қорқыт ата өзі өмір сүрген қазақ даласына Тәнірлік дінді кеңінен таратып, уағыздаганы айқын аңғарылады. Бәрінен бұрын Қорқыт атаның Жаратуштра ілімімен сабактасқан философиялық пайымдаулары Қорқыт жайлы қазақ аңыздарында айқынырақ байқалады. Демек, осы баба жайлы қазақ аңыздарына назар аударғанда

## **Т. Еңсегенұлы. Жаратуштра жасаған ілім және қазақ философиясының...**

«Авеста» жайлы зерттеу еңбектерге көніл бөлген жөн сияқты. Бұл ортақ мақсат үшін айтылған сөз.

Белгілі ғалым С. Мырзалы: «Орта ғасырлардағы отандық философияның бастауын ғалымдар VIII ғ. Әмір сүрген Қорқыт атанаң шығармашылық жолына апарып тірдейді және ол заңды да» (Мырзалы, 2010: 224), – деп ой білдірген. Осы арада белгілі ақын Ә. Дастанұлының «Біздің қазақ философиясын озық ойлы Жаратуштадан, оның ұлы шығармасы «Авестадан» бастауға қақымыз бар болса керек», – деген сөзі ой саларлықтай. Осы да оқырман көкейіндегі пікір. Бәрінен бұрын, көне мәдениеті, көне жазуы, көне діні жоқ ел жабайы, тобырлар қатарына жатады. Бұл сөзді ұлттық наимиси бар әр адам ұмытпауы қажет. Біздің көне дініміз – көне түркілер табынған Тәңірлік дін. Көне жазуымыз – көне түркі руна жазуы. Сондықтан көне мәдениетіміз – мәңгілік қазына болып табылады.

### **Әдебиеттер**

1. Аджи М. (1994). *Полынь полоевецкого поля*. –М:ТОО «Пик-контекст», –315 с.
2. Бертельс Е. Э. (1960). *История персидско-таджикской литературы*. –М: изд-во. Вост. лит-ры. –555 с.
3. *Краткая история литертуры Ирана, Афганистана и Турции*. (1971). –Л: изд-во Ленинградского ун-та,–118 с.
4. Дадаш-Заде М. А. (1979). *Азербайджанская литература*. –М: Высшая школа, –417 с.
5. Ницше Ф. (1991). *Так говорил Зороатуштра*. –Алматы: Жазушы, –300 с.
6. Бартольд В. В. (1927). *История культурной жизни Туркестана*. –Л: АНССР, –217 с.
7. Аманжолов А. (1996). *Түркі филологиясы және жазу тарихы*. –А.: Санат, –125 б.
8. Карапулұ Ә. (1994). *Көне түрікттер тарихы*. Бишкек, 190 б.
9. Рахымжанов Б.Қ., Сагатова Ә.С. (2013). т.б. *Қазақ рухының философиясы*. Қарағанды. «Ақнұр» баспасы.
10. Геродот. (1999). *История. Избранные страницы*. С.-Петербург: «Амфора».
11. Диоген Ларетский. (1979). *Әйгілі философтардың өмірлері, ілімдері, нақыл сөздері*. М.
12. Еңсегенұлы Т. (2013). *Көне түркі руна жазба поэзиясы, ондағы философиялық жүйе*. Бірінші том.–А.: «Тоганай Т», –320 б.
13. Құдайбердіұлы Ш. (1991). *Yи анық*. Әлем. Альманах. 1-басылым. Алматы.
14. Мырзалы С. (2010). *Философия*. Алматы.

### **Резюме**

В данной статье о степном пророке Заратушtre доказано, что он является автором первого в мире поэтического священного наследия под названием «Авеста», которое состоит из двадцати одной книги. Согласно общим выводам мировых ученых, он жил в Центральной Азии, в древнем Хорезмском регионе, где Амударья и

Сырдарья впадают в Аральском море. А данный регион с древних времен был заселен тюрками.

Сравнивая Тенгрианство древних тюрков и писания «Авеста» об учении Зороастризм, которое было названо в честь степного пророка Заратуштры, приходим к выводу, что между этими двумя религиями нет никакой разницы. Основным принципом двух религиозных произведений является дуализм, то есть, бесконечная борьба добра и зла. Эти две религии проповедуют добро, человечность, правдивость и долголетие.

В статье говорится, что обе религии берут свое начало с древней племенной эпохи. Например, как доказал профессор М. Аджи, основываясь на китайские исторические данные, Тенгрианство древних тюрков было сформировано в V-III веках до н.э. и распространено в крупных регионах. Обе эти религии являются предками всех религий в мире. В данной работе говорится, что нельзя отделить книгу «Авеста» и период, когда ее автор Заратуштра появился на свет. Исследовав все работы в данном направлении, пришли к выводу, что религия Зороастризм и книга «Авеста», сформированная в период основания государств саков, гуннов, уйсунов, канглов, которые являются предками древних тюрков, считаются благородным наследием Тенгрианства тюрков. А то, что Тенгрианство тюрков является основой казахской философии научно обосновано в данной статье.

**Ключевые слова:** Заратуштра, «Авеста», религия Тенгрианство - Зороастризм, казахская философия.

**(Еңсегенұлы Т. Наука Заратуштры и корень казахской философии)**

### **Özet**

Bu makalede, bozkır Peygamberi olan Zerdüşt, yirmi bir kitaptan oluşan nazım şeklinde yazılan dünyadaki ilk eseri olan "Avesta" adlı kutsal kitabı写的著者 olduğu ispat edilmiştir. Zerdüşt, dünya alimlerinin ortak kararına göre, Orta Asya'da, Ceyhun ile Seyhun'un Aral Denizi'ne aktığı, eski Horezm bölgesinde yaşamıştır. Bu bölgede ise, eskiden Türkler yaşamışlardır.

Eski Türklerin Tanrıçılık dini ile bozkır Peygamberi olan Zerdüşt ismi verilen Zerdüşt bilimi hakkında yazılmış olan "Avesta" eserini karşılaştırdığımızda, her iki dinin arasındaki hiç bir farklılık olmadığı sonucuna varmıştık. İki dini eserin temel ilkesi, dualizm, yani iyilik ile kötülük arasındaki sonsuz bir mücadeledir. Bu iki din, iyiliği, insanlığı, hakkı, uzun hayat yaşamın yollarını vaaz eder.

Makalede, her iki dinin de köklerini eski aşiret döneminden aldığılarını açıklanmıştır. Mesela, Prof. Dr. M. Adji'ye göre, Tanrıçılık, eski Türklerde M.O. 5.-3.yy. arasında tamamen yaygınlaşmıştır. Her iki din dünyadaki tüm dinlerin atalarıdır. Bu yazında, "Avesta" kitabı ile onun yazarı Zerdüşt'ün doğduğu döneminin birbirinden ayrılması imkansız olduğu söylemektedir. Eski Türklerin ataları olan Saka, Hun, Üysin ve Kanglı boyalarının devletlerinin kurulmasında oluşan Zerdüşt dini ve "Avesta" kitabı, Türklerin Tahri'ya ibadet dini ve asıl mirası olarak kabul edilir. Türklerin Tanrıçılık dini ise, Kazak felsefesinin temelidir.

**Anahtar kelimeler:** Zerdüşt, Avesta, Tanrıçılık-Zerdüşt dini, Kazak felsefesi.  
**(Ensegenulu T. Zerdüşt'ün İlimi ve Kazak Felsefesinin Kökeni)**

**БЕРДАҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА ҚАЗАҚ-ҚАРАҚАЛПАҚ  
ТУЫСҚАНДЫҚ БАЙЛАНЫСТАРЫНЫҢ ЖЫРЛАНУЫ  
RELATED KAZAKH AND KARAKALPAK CONNECTION  
IN BERDAKH'S WORKS**

Гулистан ҚАНААТОВА\*

**Түйіндеме**

Мақалада әйгілі қарақалпақ ақыны Бердақ Қарғабайұлының қазақ-қарақалпақ халықтарының туысқандық байланыстарын, олардың тарихи тұлғаларын жырлаған кейбір шығармалары сөз етілген. Мысалға алынған деректер шежірелік және жазба тарихи мағлұматтармен салыстырылып үйренілген.

Соның ішінде, Бердактың поэзиялық улғіде жазылған «Шежіре» шығармасының негізінде халық шежірешілігімен катар, діни идеологияға сай ұғымдардың да тамырласып жатыргандығы шынайы түрде ашып берілген. Ақынның «Түркістан» мәселесімен байланысты пікірлері жаңа этнографиялық мәліметтермен салыстырылып дәлелденген. Сонымен бірге, Әзберген би тұлғасы жаңа қырынан танылған және оның қоғамдық іскерлігі бойынша бай фактілерге сүйеніп тұжырымдама жасалған.

**Кілт сөздер:** Бердақ, қазақ, қарақалпақ, шежіре, тарихи тұлғалар.

**Summary**

This article deals with related connections of Karakalpak and Kazakh people in famous Karakalpak poet Berdakh's works and also there are given examples of some historical personalities.

The given examples are studied from the point of view of comparison in genealogical sources and historical information.

Including, along with the samples written on the basis of the poetic «Genealogy» of Berdakh, there is a true disclosure of the concepts of religious ideology, corresponding to popular beliefs. And the questions raised in the problem «Turkestan» are compared with ethnographic data and find their own proof. At the same time, the image of Azbergen-bey is revealed with the new side, based on the facts of his organizational activities.

**Key words:** Berdakh, Kazakh, Karakalpak, genealogy, historical personality.

---

\*Аға оқытушы, Әжінияз атындағы Нұкіс мемлекеттік педагогикалық институты жанындағы Халыққа білім беру қызметкерлерін кайта дайындау және олардың біліктілігін арттыру өнірлік орталығы. Нұкіс-Өзбекстан.

Senior research worker, The Regional Centre of retraining and qualification upgrading of Public Education staff by Nukus State Pedagogical Institute named after Azhiniyaz. Nukus-Uzbekistan.

[ulpan-1977@mail.ru](mailto:ulpan-1977@mail.ru)

Ежелден еншісі бөлінбекен қазақ және қарақалпақ халықтары санғасырлар бойы талай-талай тар жол тайғақ кешулерден, тағдырың қаншама қатал сындарынан мұдірмей өтіп, өз ұрпақтарын бүгінгідей бейбіт күнге, бақытты дәуренге жеткізіп отыр. Осынау туысқан қос халықтың өткен өмірі ғана ұқсас емес, тіні де ортақ, тілі де ортақ, діні де ортақ, ділі де ортақ. Шежіресі бір арнадан бастау алған осы тектестікті алғаш жырға қосқан Шығыстың жарық жүлдышдарының бірі, қарақалпақ халқының әйгілі ақыны, әрі жыршысы Бердақ (Бердімұрат) Қарғабайұлы болатын.

Әрине, жүртшылық арасында кең тараған ауызша шежірелерде қазақ пен қарақалпақ халықтарының арғы түбінің бір екендігі әр кезеңде де жиі насиҳатталып келген. Алайда сол шындықты қағазға түсіріп, шежіре етіп жазған, оны қос халық ортасында жырлаған ақының ақын Бердақ еді. Бердақ өзінің «Шежіре» атты шығармасының бастамасында:

*Көріңдер халықтың шежіресін,  
Есіткін шежіренің мәнісін,  
Баршаның ата-бабасын,  
Айтып баян қылған екен<sup>1</sup> -*

деп әлеуметтің назарын осы тарихи туындыға аудара түседі де, өз сөзін одан әрі жалғап:

*Әнес, Мәлік – екі кісі,  
Пайғамбардың сағабасы,  
Әнес – қазақтың бабасы,  
Содан «алаш» болған екен.., -*

дейді (Бердақ, 1993: 3). Шежіреде аты аталып отырған Әнес есімді тұлға іслем дінін насиҳаттаған діни қайраткерлердің бірі болса, ал «алаш» ұғымының қазақ халқының елдік ұраны және тарихи атауы екендігі белгілі. Шындығында, ауызша тараған шежірелерде де байырғы алаш қауымы, бүтінгі қазақ елі өзінің халық болып қалыптасу бастауларын «Әнес сағаба» есімімен байланыстырады (Үсенбаев, 2003: 13-14). Бердақ міне осы жәйтті шежірелік жолмен баяндаған. Ақын оны жәй баяндамастан туыстас жүрттардың діни-шежірелік сілсілесі осы тұлғалардан басталатынын дәріптей келіп:

---

<sup>1</sup> Мәтіндер қазақшаға аударылып берілді – авт.

*Мәліктің ұлы РАЗЫНАҚ,  
Жас шағында қойды құлпақ,<sup>1</sup>  
Киген десер қара қалпақ,  
Содан «қалпақ» болған екен..., -*

деп Мәліктің баласынан қарақалпақ халқын шығарады (Бердақ, 1997: 132). Яғни, «Әнес, Мәлік екі кісі» деп, оның бірінен қазақ елін, екіншісінен қарақалпақ халқын тарқатып, олардың түпкі жақындық жерін екеуінің де сағасы «пайғамбардың сағабалары» екендігімен сипаттайтын.

Бердақ шайыр қазақ-қарақалпақ халықтарының туысқандық негіздерін баяндауда этникалық текстестікті емес, діни туыстық пен қауымдастықты басты назарда ұстаған. Бұл сол замандағы идеологияның тегеурінді тірекі, тұғырлы дерегі еді. Әйтсе де, дәстүрлі мұсылмандық қалыптан шықпаған ақын осы халықтардың «алаш», «қалпақ» (ескі мағынасы: «қас батырлар қауымы») сияқты тарихи атауларын тілге алу арқылы олардың түпкі тегінің ортақ бір түбірден өрбитіндігін шежірелік тілмен жеткізген.

Бердақтың «Шежіре» шығармасында және басқа да туындыларында Нағадай би есімі жиі аталады. Ұлы сөз зергері бұл тарихи тұлға жайлы:

*Нагадай би – жұрт ағасы,  
Барша қоңыраттың бабасы,  
Отыз ұлдың ол атасы,  
Ұлы отыз болған екен..., -*

деп жырлайды (Бердақ, 1993: 17). Шежірешілердің жазуынша, Нағадай бек (би) әулетінен тараған «отыз екі тайпалы қоңырат» елі ежелден-ақ Мәуереннаһрды ен жайлап келген. Соның біршама бұтактары тегі бір қандас халықтар арасына да араласқан. Нағадай биден енші алған «отыз екі тайпалы қоңырат» аталған елдің бір буыны қолдаулылар. Аңызға қарағанда, қолдаулы тайпасының басым көпшілігі Түркістан жерін жайлаған. Бұл жайында Бердақ өзінің «Аманкелді» атты шығармасында:

*Көп қолдаулы Түркістанда,  
Сөған барды Аманкелді..., -*

---

<sup>1</sup> құлпақ / ғұлпақ – төбеде қалдырылған бір шоқ шаш.

деп жазады (Бердақ, 2003: 87). Аманкелді де Нағадай бабаның ұрпағы. Қазақ халқының Орта жүз бірлестігіне кірген қоныраттар да өздерін Нағанай (Нағадай) баба, Орын би, Жығалы мырзалардан өрбітеді (Қонырат шежіресі, 1992: 6-7). Қазақстанның оңтүстік өңірін мекендереп келген қоныраттар арасында Аманкелді батырмен туыстас аталардан тарайтын қауынышы, қарасирақ, көлеген, қазаяқ, балталы, бөгежелі секілді бірқатар руладар мен рулық топтардың жасайтыны аян. Сонымен бірге, Түркістан өңірінде жасаушы қоныраттар құрамында арғы тегі қарақалпақтың тағы бір жуантамыр әулетінен тараған «Ерназар тұқымы» деп аталған аталақтың бар екендігі де зерттеулерден белгілі (Омар-ұлы, 2007: 42-44). Бердақтың «Көп қолдаулы Түркістанда» деп жазуының сыры осында болса керек.

Бердақ Қарғабайұлы халық шежіресін жетік білгендіктен де көп адамдармен сырлас, сыйлас болған. Ақын жаңына жақын тұтып, қадірлекен осындай жандардың бірі – Әзберген би болыпты. Әзберген (толық есімі: Әзизберген) Мұңайтпасұлы қазақ халқының ортасынан шыққан беделді тұлға, тарихи қайраткер, әскери қолбасы. Бұл жайлар әнциклопедиялық деректерде «Мұңайтпасов Әзберген (1806-1873) XIX ғасырдың 2 жартысы – Кіші жүз шекті руы қазактарының патша өкіметіне қарсы көтерілісін ұйымдастыруышылардың бірі, батыр...», - деп жазылған (Қазақ совет әнциклопедиясы, 1976: 214).

Әзберген Мұңайтпасұлы Патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы бас көтеріп, Есет батыр бастаған көтерілістің бел ортасында жүрген. Осы көтеріліс кезінде ол Патшалық Ресейдің қойған өкілі жергілікті әкім сұлтан Арыстан Жантөрінді Елек өзені бойында жазым етеді. Халық сол кезден бастап оны «Әзберген батыр» деп атай бастаған көрінеді. 1858 жылы бұл көтеріліс бастырылғаннан кейін Әзберген өз ізіне ерген нөкерлерімен бірге Бесқала өлкесіне, яғни Қарақалпақ жеріне карай ығысады. Әзбергеннің данқын есіткен Хиуа ханы Сейітмұхаммед оның келуіне жылы қабақ танытып, батырды өзі басқарып келген қауымының би етіп тағайындауды және Қонырат бектігі аумағынан жер береді. Әзберген би бұл жерден бекініс салдыртқан. Бидің құрғызған бұл құрлысы жөнінде кезінде оны келіп көрген орыс зерттеушісі М. Н. Галкин де жазып қалдырған еді (Галкин, 1868: 180).

Міне осы бекініске жәуміт-түрікмендерінің қолбасшысы Атамұрат жиі шабуыл жасап тұрады. Атамұраттың басқыншылық әрекеттеріне қарсы қазақ-қарақалпақ азаматтары жан аямай құресіп, бұл бекіністі қолдан бермеген және жергілікті халықты

## **Қанаатова Г. Бердақ шығармаларында қазақ-қарақалпақ туысқандық...**

басқыншылардан қорғап баққан. Ал мұның басында Әзберген би тұрған. Әзбергеннің ерлік істері ел арасына тез тарап кетеді де, оны көруге келушілер мен оның қолына қосылуышылар саны да күн санап өсіп барған. Шамасы, Бердақ пен Әзбергеннің таныстыры да осы кездерден басталса керек. Халықта «Жақсыны көрмек үшін» деген сөз бар. Осындай сын сафатта Бердақтың да бүкіл Бесқалаға даңқы тарап отырған бұл батырға тілекші болып, онымен жолықкан болса, ғажап емес. Өйткені, ақын Әзбергенді өз көзімен көргенін, ерліктеріне қуә болғанын былайша суреттейді:

*Әзбергенді дәрітесем сөзбенен,  
Шайқас етер жалғыз өзі жүзбенен,  
Иланбасаң барып көргін көзбенен,  
Көрге амбеге бірдей көз берген.*

*Білсең Әзбергеннің осал жері жоқ,  
Қан майданда оның ешбір теңі жоқ,  
Дәрітесем Көрүгелідан кемі жоқ,  
Рұстемі дастаннан артық Әзберген... (Бердақ, 1950: 129).*

Бердақ осылайша Әзбергенді аңыздық тұлғалар Рұстем-дастан, Көрүгеліларменен қатар қояды. Батырдың сұрапыл соғыс кезіндегі ерен қимылдары туралы:

*Әзбергенді дәрітесем мен сізге,  
Құлқы-пейілі ұқсар Сұлтан Тебрізге,  
Кімге қылыш сілтеп, наиза ұрып кімге,  
Көп әскерді қашқын қылар Әзберген.*

*Ұрыс салар дұшпанменен шайқасып,  
Нардайын аузынан көбігін шашып,  
Кімді оққа тұтып, кімдерді шанишып,  
Көп әскерді басылдыраар Әзберген (Бердақ, 1950: 129), -*

деп сипаттайды. Бердақтың Әзбергеннің ерлігіне ғана тәнті болып қалмай, оның адам жанын баурап алар жылы ілтипаты, ашық көңілі, қара сөзге дес бермеген шешендігі жайлы да толғана жазады:

*Тәнірім сондай бір ерді жаратқан,  
Баян етсем, ныспы оның Әзберген,  
Бұлбұл сынды өзі, татымды сөзі,  
Бейне, көмейіне жүз мың сөз берген.*

*Ешкім мұндаій емес адами заттан,  
Қазақ, қарақалпақ һәм және сарттан,  
Сөздері тәтті-дүр қант пен науаттан,  
Сөйлескенде көңілін ашып әз<sup>1</sup> берген... (Бердак, 1950: 129).*

Шын жүректен шыққан бұл сөздердің барлығы Бердақтың Әзбергенді шынайы құрметтегендігін аңғартады.

Тарихқа бақсак, Әзберген би жөнінде жазып қалдырылған біршама деректерге кездесеміз. Әзберген жайында Шоқан Уәлихановтан бастап Уахит Шәлекеновке дейінгі әлденеше тарихшылар қалам тартты (Шәлекенов, 1966: 14). Әдебиет және өнер зерттеушілерінен ғалым Ақселеу Сейдімбеков, Әбдулхамид Райымбековтер оның саз әлеміндегі қызметін жоғары бағалады (Тарақты, 1992: 16). Әзбергеннің тарихи қайраткерлігі жайлы бүгінгі таңда да бірнеше ғалымдар мен қаламгерлер ізденіс алып бармақта. Осындағы зерттеулерді және де байыта түсетін мәліметтердің бірі Бердақтың Әзбергенге арнаған жыры еді. Сонымен қатар, бұл жыр Бердақтың қазақ-қарақалпақ халықтары туысқандығын жырлаған тамаша шығармаларының бірі екендігімен де маңызды.

Жалпы алғанда, Бердак Қарғабайұлының түбі бір қазақ-қарақалпақ халықтарының ынтымақтастығы, туыстығы жайлы жазылған шығармалары өткенді білу мен тарихты зерделеудегі назар аудараптық дереккөздерінің бірі болып табылады. Бұл мәселені тереңдей зерттеу, ақын дүниесінің, ақын шығармашылығының сырлы қырларын аша түсетіні хак.

#### Әдебиеттер

1. Бердак. (1993). *Шежире*. – Нөкис: Қарақалпақстан, -36 б.
2. Үсенбаев Т. (2003). *Алишин шежіресі*. – Қызылорда, -462 б.
3. Бердак. (1997). *Сайланды шығармалары*. – Нөкис: Қарақалпақстан, -220 б.
4. Бердак. (2003).  *Таңламалы шығармалары*. – Нөкис: Қарақалпақстан, -108 б.
5. *Қоңырат шежіресі* (1992). / Е. Қарібайұлының жазбалары бойынша құраст. толықтырган Б. С. Қошым-Нофай. – Алматы: Жалын, -80 б.
6. Омар-ұлы А. (2007). *Ерназар Алакөз ҳәм оның Түркистандагы урпақлары* // Қарақалпақ халық қаҳарманы Ерназар Алакөздің туўылғанына 200 жыл толығына арналған «Ерназар Алакөздің Қарақалпақстан тарийхындағы

---

<sup>1</sup> әз / һәз – жан ләzzаты, көңілқоштық, рахаттанушылық.

## **Қанаатова Г. Бердақ шығармаларында қазақ-қарақалпақ тұысқандық...**

---

- роли» атлы республиканың илимий-теориялық конференция материаллары. – Нөкис, -72 б.
7. Қазақ совет энциклопедиясы [Текст] (1976). 12 томдық. 8 т. – Алматы: Қазақ совет энциклопедиясының бас редакциясы, -664 б.
  8. Галкин М.Н. (1868). Этнографические исторические материалы по Средней Азии и Оренбургскому краю. – СПб.: Издание Я. А. Исакова [Типография Гогенфельдена], – 336 с.
  9. Бердақ. Шығармаларының толық жинағы. – Нөкис: ҚҚМБ, 1950. -328 б.
  10. Валиханов Ч.Ч. (1985). Собрание сочинений в пяти томах. Т. 5. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, – 528 с.
  11. Шалекенов У.Х. (1966). Казахи низовьев Амударьи: к истории взаимоотношений народов Каракалпакии в XVIII-XX вв. – Ташкент: Фан, – 336 с.
  12. Тарапты А. (1992). Қүй шежіре. – Алматы: КРАМДС – Яссайи, – 488 б.

### **Резюме**

В статье рассматриваются казахско-каракалпакские взаимоотношения и некоторые исторические личности в произведениях каракалпакского поэта Бердаха. На основе представленных примеров проводится сравнение между генеалогическими источниками и историческими данными.

Кроме примеров, взятых из поэтического произведения Бердаха «Родословная», раскрываются религиозно-идеологические понятия, противопоставляемые традиционным верованиям. Далее, проводится сопоставление проблем, поднятых поэтом в произведении «Туркестан», с этнографическими данными, делаются соответствующие заключения. Особое внимание уделено определению реального имиджа и общественной деятельности Азберген-би.

**Ключевые слова:** Бердах, казах, каракалпак, родословная, историческая личность.

**(Канаатова Г. Распевание родственных связей казахов-каракалпаков в произведениях Бердака)**

### **Özet**

Bu makalede, ünlü Karakalpak şairi Berdak'ın eserlerinde yer alan Karakalpak ve Kazak halklarının akrabalık ilişkileri ve bazı tarihsel şahıslar konu olarak ele alınmıştır. Verilen örnekler, şecere kaynaklarındaki karşılaştırma ve tarihsel bilgiler açısından incelenmiştir.

Berdak'ın şiirsel çalışması “Şecere”den alınan örnekler ek olarak, geleneksel inançlarla çelişen dini ve ideolojik kavramlar açığa çıkar. Sonradan, şair tarafından ‘Türkistan’ın adlı çalışmasında ortaya çıkan sorunlar etnografik verilerle karşılaştırılmış ve bunlara karşılık gelen sonuçlar çıkarılmıştır. Azbergen-bi'nin gerçek imajının ve kamusal faaliyetlerinin tanımına özellikle dikkat edilir.

**Anahtar kelimeler:** Berdak, Kazak, Karakalpak, Şecere, tarihsel kişilik.

**(Канаатова Г. Berdak Eserlerinde Kazak-Karakalpak Akrabalık İlişkilerinin İcra Edilmesi)**

**MEVLÜT SÜLEYMANLI'NIN DEĞİRMEN HİKÂYESİNDE 1960  
NESRİ ÖZELLİKLERİ**  
**1960 PROSE CHARACTERISTICS IN THE DEGİRMEN STORY OF  
MEVLÜT SÜLEYMANLI**

Hamza ÖZTÜRKÇÜ\*

**Özet**

Yirminci yüzyıl tüm dünyada büyük değişimlerin yaşandığı asır olarak kayda geçmiştir. Bu yüzyılın hemen başında Çarlık Rusya'sı; otokratik rejim anlayışı, Birinci Cihan Harbinin Çarlık Rusya'sı üzerindeki olumsuz etkisi ve farklı uluslar üzerinde oluşan baskılar neticesinde yönetimi Bolşeviklere bırakmak zorunda kalmıştır. Tüm düzeni değiştirecek bu olay tarihe 1917 Ekim Devrimi olarak geçmiştir. Bu dönemde Çarlık Rusya yönetimi altında bulunan Türk Dünyası halklarının geleceği tartışılmaya başlanmıştır. Sovyet Sosyalist Cumhuriyetler Birliği'nde oluşan baskı ve sindirme politikası henüz ilk yıllarında hissedilmeye başlanmıştır. Özellikle bu dönemden itibaren Türk halkları üzerinde baskıyı artıran SSCB en önemli baskı aracı olarak edebiyatı kullanmıştır. Türk halkları arasında modernleşme sürecini en erken tamamlayan Azerbaycan halkı bu baskiya sert bir şekilde maruz kalmıştır. Bu dönemde mevcut yönetimin direktiflerine uygun eser verenlerin yanı sıra halkın yanında yer almış, Sovyet yönetimine ve katı rejime eleştiri oklarını yöneltmiş bir kısım yazarlar da mülhemdir. Rejime başkaldıran yazarların oluşturduğu bu döneme Azerbaycan Edebiyatında "1960 Nesri" veya "Yeni Nesir" adı verilir. Çalışmaya konu olan Mevlüt Süleymanlı Azerbaycan Edebiyatına kazandırdığı eserler ile 1960 Nesrinin üretken yazarlarından biri olmuştur. Bu çalışmada *Değirmen* hikâyesi ışığında Mevlüt Süleymanlı'nın hayatı, sanatı ve bu bağlamda 1960 Nesrinin özellikleri irdelenecektir.

**Anahtar Kelimeler:** Değirmen, Azerbaycan, Edebiyat, Toplum, 1960 Nesri.

**Abstract**

The twentieth century witnessed major changes which took place throughout the world. At the beginning of this century; because of the understanding of the autocratic regime, the negative impact of the First World War on Tsarist Russia, and the pressure on different nations forced Tsarist Russia to leave the administration to Bolsheviks. This revolution, which changed the whole order, went down in history as the Great October Socialist Revolution. In this period, the future of Turkish World under the rule of Tsarist Russia began to be discussed. The policy of oppression and intimidation in the Union of Soviet Socialist Republics began to be felt in its early years. Especially since this period, the USSR, which increased pressure on Turkish peoples, used literature as the most important instrument of oppression. The people of Azerbaijan, who have completed the

---

\* Erzurum Atatürk Üniversitesi, Türkîyat Araştırmaları Enstitüsü, Çağdaş Türk Lehçeleri ve Edebiyatları Bilim Dalı Yüksek Lisans Öğrencisi. Erzurum-Türkiye.

Erzurum Ataturk University, Institute of Turkic Studies, Department of Modern Turkish Dialects and Literatures. Erzurum, Turkey. E-mail: [hamzaoturkcu@gmail.com](mailto:hamzaoturkcu@gmail.com)

## Öztürkü H. Mevlüt Süleymanlı'nın Değirmen Hikâyesinde1960 Nesri...

---

modernization process among the Turkish peoples at the earliest were subject to this oppression harshly. In this period, besides those who gave works according to the directives of the present administration, some authors who took sides with their people and criticized the Soviet administration and its strict regime were also important. This period which was created by the writers who defied the regime is called 1960 Prose or the New Prose in Azerbaijani Literature. Mevlut Suleymanli, who is the subject of this paper, was one of the prolific authors of the New Prose with his works in Azerbaijani Literature. In this paper, Mevlut Suleymanli's life, art, and the characteristics of the 1960 Prose will be examined in the light of his work, Değirmen.

**Key Words:** Grinder, Azerbaijan, Literature, Society, The New Prose, 1960 Prose.

### Giriş

Tarih ve edebiyat aynı doğrultuda ilerler. Edebiyat tarihi araştırmalarında görülür ki, devrin siyasi, toplumsal ve fikri gelişmeleri edebiyata yansımıştır. Bu nedenle edebiyat, toplumların aynası olabilme özelliğini günümüze değin korumuştur. Edebi ürünlerin toplumları yönlendirdiği, edebiyatın iktidar olduğu dönemlerde mülhemdir. 1917'ye kadar Rus Edebiyatı dünya edebiyatının iktidarıydı. Yeni Rus edebiyat dilinin yaratıcısı konumundaki Puşkin, kendi toplumunda milli bir edebiyat anlayışı oluşturmuştur. Şiir, dram türünde verdiği eserler ile Rus edebiyatı onun döneminde özgünlüğe ulaşmıştır. Dostoyevski'nin "eşsiz ve ölümsüz bir şiir" olarak nitelendiği *Yevgeni Onegin*, 1825-1832 yıllarında kaleme alınmış 1833 yılında toplumu ile buluşmuştur. Bu dönemde Puşkin etrafında toplanan bir grup şairin varlığı biliniyor. Puşkin ile gelen Romantizm akımında onu ikinci kuşak romantiklerden M.Y. Lermontov takip eder. Başlı başına bir okul olarak kabuledilen N. V. Gogol büyük yankı uyandıran eseri *Ölü Canlar*'ı 1842 yılında yazmıştır. Gogol o dönemde Çağdaş Rusya'yı, şimdiki eski Rusya'yı anlatmıştır. Yine verdiği eserler ile dünya edebiyatına yön vermiş F. M. Dostoyevski eserlerine kattığı Hıristiyancı yaklaşım ile 1866 yılında *Suç ve Ceza*'yı, 1867'de *Kumarbaz*'ı, 1868'de *Budala*'yı, 1872'de *Cinler*'ı, 1875'de *Delikanlı*'yı dünya edebiyatına kazandırdı. Puşkin anıtının açılışında yaptığı konuşma ile edebiyat çevresi üzerinde büyük yankı uyandırdı. *Karamazov Kardeşler*'i ise 1880 yılının sonrasında tamamlayarak Rus Edebiyatına kazandırmıştır. Rus toplumunun en önemli ahlaklı yazarlarından olan L. Tolstoy 1869 yılında *Savaş ve Barış*, 1877'de *Anna Karenina*, 1899'da ise *Diriliş*'i kaleme almıştır. Tolstoy, İngiliz klasik Shakespeare'dan sonra eserleri diğer dillere en çok çevrilen ikinci yazardır. A. Çehov öykülerindeki eleştirileri ile M. Gorki toplumsal gerçekçi eserleri ile Rus Edebiyatını zenginleştirmiştir.

1917 yılında Bolşevik'lerin yönetimi ele geçirmesiyle Çarlık rejimi yıkılmıştır. Bu dönemde Çarlık rejimi himayesindeki halkların durumu belirsizliğini korumuştur. “*Sovyetlerin kuruluşuyla vadedilen özgürlüğün gerçek bir özgürlük olmadığı çok geçmeden anlaşılmıştır. Özgürlüğün kısıtlandığı ilk alan ise edebiyattır*” (Adıgüzel 2007: 11). Edebiyat bundan sonraki süreçte Azerbaycan'da duraklama dönemine girecek, dünya edebiyatı ve Türk edebiyatı ile olan bağlarını bir süreliğine koparacaktır. Sovyetlerin edebiyatı kıskaç almasının sebepleri vardır. Bunların en mühim olanı bir dönem iktidar olan, yukarıda zikrettiğimiz, Rus edebiyatını kullanarak algı oluşturmaktır. Sovyetler için edebiyat en ekonomik ve yaygınlığı açısından en kullanışlı aracı. Böylelikle halka partinin siyasi fikirlerini dayatarak kendilerine sosyalist bir kitle yaratmak istediler. Nitekim bunda da başarılı oldular. Bu uğurda 1937-1944 yılları arasında Stalin'in Türk dünyası aydınlarına yönelik “kanlı terör” pek çok can almıştır. Azerbaycan edebiyatı en çok zarar gören edebiyattır. Çünkü 1918 yılında kurdukları devlet ile modernleşme sürecine girmiş Azerbaycan, özellikle edebiyat sahasında Türk edebiyatı ile birlikte gelişmekteydi. Bu durum, nezdinde pek çok Türk halkını barındıran Sovyetlerde bir panik havası yarattı. Başta Azerbaycan olmak üzere tüm Orta Asya halklarında Sovyet rejimine karşı çıkan aydınlar kurşuna dizildi, sürgün edildi. Korku imparatorluğunun zirvede olduğu 1920'li yıllarda sonra “yönelim edebiyatı” dediğimiz bir dönem başladı. Bu sosyalist rüya toplumunun edebiyata aksiydi. “*Bu dönemin eserleri, büyük bir çoğunlukla ideolojik amaçla yazılmıştır. Yeni kurulan sosyalist düzenin büyülüği, vadettiği güzellikler, ekonomik gelişmeler, mutlu gelecek için verilmesi gereken mücadeleler dönem eserlerinin en önemli konularıdır*” (Adıgüzel 2007: 15). Kahramanlar sosyalisttir ve her daim mutludurlar. Eserlerde sosyalist kahramanlar ağlamazlar, olumsuzluklarla karşılaşmazlar ve toplumda saygıdırırlar. Başka bir açıdan bakıldığına hayatta kalabilen yazar ve şairler rüya sosyalist toplumun inşasında görevlidirler. “*Bu dönem edebiyatında artık yükseltilen değerler, sosyalist devriminin getirdiği mutluluk ve Stalin'dir. Bu durum o kadar abartılmıştır ki, şairler ve yazarlar dünyanın varlığını, güneşin doğmasını, iklimlerin değişmesini bile Stalin'e bağlamışlardır*” (Adıgüzel 2007: 18). Buna adından mülhem Sosyalist Gerçekçilik denildi. Sınırları komünist parti tarafından belirlenirdi ve bu ortamda hiçbir yazarın kendi üslubuya özgün eserler verebilme imkânı yoktu. Aksi takdirde halk düşmanı ilan edilirdi.

### Azerbaycan Edebiyatında Yeni Bir Soluk: 1960 Nesri

- Голубовский П. В. Печенеги, торки и половцы до нашествия татар. Монография. – К.: Университетская типография, 1884. – 254 с.
- Гръцки извори за българската история. – Т. VI. – София: Българската академия на науките, 1965. – 370 с.
- Гръцки извори за българската история. – Т. VII. – София: Българската академия на науките, 1968. – 300 с.
- Гръцки извори за българската история. – Т. VIII. – София: Българската академия на науките, 1972. – 322 с.
- Гръцки извори за българската история. – Т. X. – София: Българската академия на науките, 1980. 420 с.
- Иванов В. А. *Печенеги, гузы, торки* // История татар. – Т. 2. Волжская Булгария и Великая Степь. – Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2006. – С. 452-458
- Известия ал-Бекри и других авторов о Руси и славянах. Ч. 1.* // Записки Императорской Академии Наук. – Т. 32. № 2. – СПб.: Типография Императорской академии наук, 1878. <https://yadi.sk/d/6nllPAb54wUNU>
- Ипатьевская летопись/ Воспроизведение текста издания 1908 г.* // Полное собрание русских летописей. – Т.2. – М.: Восточная литература, 1962. – XVI, 938, 87, IV с.
- Князький И. О. Византия и кочевники южнорусских степей. – СПб.: Алетейя, 2003. – 181 с.
- Козлов С. А. *Больше чем враг: особенности изображения печенегов в византийской литературе эпохи первых Коминнов* // *Byzantinoslavica. Revue Internationale des etudes Byzantines.* – Vol. LXXI/2. – Prague: Slovanský ústav AV ČR, 2003. – С. 145-161.
- Козлов С. А. *Византийская традиция о последней византино-печенежской традиции* // Европа. Международный альманах. – Вып. X. – Тюмень: Изд-во Тюменского ггосударственного университета, 2011. – С. 7-21
- Козлов С. А. *Византийцы и тюркоязычные кочевники Восточной Европы в конце IX – начала XIII века в византийской нарративной традиции*. Диссертация на соискание научной степени Кандидата исторических наук. Специальность 07.00.03 – Всемирная история. – Тюмень: Изд-во Тюменского ггосударственного университета, 2012. – 206 с.

## **Пилипчук Я. Печенежская диаспора в Европе XI-XII вв.**

---

- Козлов С. А. *Фольклор как история: Иоанн Скилица о разгроме печенегов патрицием Алакасом* // Электронный научно-образовательный журнал История. – Вып. 5 (21). – М., 2013. <http://www.history.jes.su/s207987840000573-9-1>
- Курта Ф. *Образ и археология печенегов* // Stratum Plus. – № 5. – Кишинев-Бухарест-Санкт-Петербург: Высшая антропологическая школа, 2013. – С. 203-234.
- Латински звори за българската история (Унгарски латиноезъчни Извори. Ч.1). – Т. 5. София: Българската академия на науките, 2001. – 195 с.
- Латински звори за българската история. – Т. 3. – София: Българската академия на науките, 1965. – 407 с.
- Матвей Эдесский. *Хронография*. Перевод Гуринов Е.А. Электронная версия 2012 года. [http://www.vostlit.info/Texts/rus3/Matfei\\_II/frametext12.htm](http://www.vostlit.info/Texts/rus3/Matfei_II/frametext12.htm)
- Мельник М. *Візантійський Дунай в історографії: від Danube d'Empire до limen Візантії* // Південний архів. – Вип. 22. – Херсон: Вид-во ХДУ, 2003. – С. 44-48
- Мельник М. *Візантія і кочівники Північного Причорномор'я в XI ст. (проблеми історіографії)* // Наукові зошити історичного факультету Львівського університету. – № 5-6. – Львів: Вид-во Львівського національного університету ім. І. Франка, 2003. – С. 20-32
- Мельник М. *Проблема стосунків Візантії та кочівників Північного Причорномор'я у сучасних нумізматичних та сфрагістичних дослідженнях* // Наукові зошити історичного факультету Львівського університету. – № 8. – Львів: Вид-во Львівського національного університету ім. І. Франка, 2006. – С. 27-39
- Мохов А. С. *К административной структуре Византийской Империи на Дунае в период войны с узами (1046-1065)* // Античная древность и Средние Века. – Вып. 30. – Екатеринбург: Уральский университет, 1999. – С. 158-168
- Мохов А. С. *К вопросу о византийской военной организации в период войны с печенегами 1046-1053 гг.* // Античная древность и Средние Века. – Вып. 39. – Екатеринбург: Уральский федеральный университет им. Б. Ельцина, 2005. – С. 15-26
- Павлов П. *Бунтари и авантюристы в средневековой Болгарии*. – Велико Търново: Абагар, 2000. [http://litternet.bg/publish13/p\\_pavlov/buntari/samozvanecyt.htm](http://litternet.bg/publish13/p_pavlov/buntari/samozvanecyt.htm)
- Пріцак О. *Походження Русі. Стародавні скандинавські саги і Стара Скандинавія* – К.: Обереги, 2003. – Т. 2. – 1304 с.
- Пселл Михаил. *Хронография*. – М.: Наука, 1978.  
[http://www.vostlit.info/Texts/rus17/Psell\\_M/frametext8.htm](http://www.vostlit.info/Texts/rus17/Psell_M/frametext8.htm)
- Путешествие Абу Хамида ал-Гарнати в Восточную и Центральную Европу (1131-1153 гг.) / Публикация О.Г.Большакова и А.Л.Монгайта. – М.: Восточная литература, 1971. – 135 с. <http://www.vostlit.info/Texts/rus4/Garnati/frametext1.htm>
- Расовский Д. А. *Печенеги, торки, берендеи на Руси и в Угри* // Расовский Д. А. Половцы. Черные клубки: печенеги, торки и берендеи на Руси и в Венгрии. – М.: Центр исследований военной и общей истории, 2012. – С. 39 – 111
- Сейдалиев Э. И. *К вопросу о влиянии Византии на военное дело кочевников Северного Причерноморья: обзор источников X–XIII вв.* // Античная древность и средние века. – Вып. 42. – Екатеринбург: Изд-во Уральского федерального университета, 2013. – С. 85 – 92.
- Узелац А. *Скитски разбојници у бугарској пустыњи: поглед једног ходочасника на Поморавље средином XI века* // Историјски часопис. – Кн. 59. – Београд, 2010. – С. 64-71

Шушарин В. П. *Ранний этап этнической истории венгров*. М.: РОССПЭН, 1997. 512 с.  
Эккехард из Ауры. Всеобщая хроника Эккехарда. Перевод И. Дьяконова.  
Электронный вариант 2009 года.  
[http://www.vostlit.info/Texts/rus16/Ekkehard\\_Uraugiensis/frametext15.htm](http://www.vostlit.info/Texts/rus16/Ekkehard_Uraugiensis/frametext15.htm)

### **Түйіндеме**

Бұл мақала Еуропадағы печенектер диаспорасының тарихына арналған. Печенектердің Венгрия және Балкандарга көшпіл-қоныы оғыз және қыпшақтардың қысымынан туындағы. Печенектердің Венгрияға қоныс аударуы бейбіт болды, Дунай өзенінің жағалауындағы Византия жерлерін печенектер жаулап алғылары келген. Венгриядың печенектер федераттар болды. XI ғасырдың 20-40 жылдары печенектер Византияға шабуыл жасады. Парадунавондағы печенектердің негізі XI ғасырдың 40-50-ші жылдарымен салыстыруға болады. Ромейлердің әскери женілісі Византия императорларын печенектердің Парадунавонга баруга мәжбүрледі және Пацинакияның жеке әкімшілік бірлігі құрылды. Бірнеше онжылдықтар бойы печенектер осы жерлерге қоныстанып, полиоркетиктерді үйренді. Печенектер ромейлер мен bogumilov генералдарының көтерілістеріне қолдау көрсетті. 1091 жылы Levonion шайқасында ромейлердің женісі қыпшақтардың арқасында мүмкін болды. 1091 жылдан кейін печенектерді ромейлердің федерациялары көмекші отряд ретінде белсенді пайдаланған. Ромейлер еуропалық крестшілерге карсы печенектерді пайдаланған. Олар печенек отрядтарын селжүқ түріктерімен соғысқа пайдаланған.

**Түйін сөздер:** печенектер, Венгрия, Византия империясы, Ромеи, Парадунавон.

**(Пилипчук Я. XI–XII ғғ. Еуропадағы печенегтер диаспорасы)**

### **Özet**

Bu makale Avrupa'daki Peçenekler diasporasının tarihi hakkındadır. Peçeneklerin, Macaristan ve Balkanlar'a göç ettiklerinin nedeni Oğuz ve Kıpçaklar'ın baskısıdır. Peçeneklerin Macaristan'a yerleşmesi huzurlu iken, Dunay ırmağının kıyısındaki Bizans İmparatorluğu'nun topraklarını kazanmayı istediler. Macaristan'daki Peçenekler Federe idi. Peçenekler, XI. yüzyılın 20.-40.yy döneminde Bizans'a baskın düzenlediler. Paradunavon'daki Peçenekler'in yerleşmesi tarih olarak XI. yüzyılın 40.-50. yılları idi. Romeylerin askeri yenilgisinden dolayı, Bizans İmparatorları Paradunavon'u Peçeneklere teslim etmeye mecbur kaldı, ve ayrı bir idari birim olan Patsinakiya kurulmuştu. Yıllar boyunca, Peçenekler bu topraklara yerleşmiş ve poliorceticayı öğrenmişler. Peçenekler, Romey ve Bogumillerin generallerinin isyanını destekledi. Romeylerin, Levonian Savaşı'nda 1091'deki zaferi, Kıpçakların yardımıyla mümkün oldu. 1091'den sonra Peçenekler, Romeyler tarafından federelerin yardımcı olarak aktif olarak kullanılmıştır. Romeyler, Peçenekleri daha çok Avrupalı haçlılara karşı şavaşlarda kullanmışlardır. Bununla birlikte, Peçenek güçlerini Selçuklu Türkleri ile olan çatışmalarda da kullanmışlardır.

**Anahtar kelimeler:** Peçenekler, Macaristan, Bizans İmparatorluğu, Romaios, Paradunavon.

**(Pilipchuk J. Avrupa'daki Pechenegian diasporası (XI-XII yy.)**

---

---

## АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӨНЕР

---

ӘОЖ 792

MFTAP 18.71.09

### ҚАЗАҚ АКТЕРЛІК ӨНЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ STAGES OF DEVELOPMENT OF THE KAZAKH ACTORS ART

К.СЕЙТМЕТОВ<sup>\*</sup>  
А.СЕЙТМЕТОВА<sup>\*\*</sup>

#### Түйіндеме

Мақалада қазақ актерлік өнерінің дүниеге келуі мен алғашқы тәжірибелері, 1926-1940 жылдар аралығындағы қазақ және орыс режиссерлерінің ізденістері мен жаңаңыңтары саралана талданады. Қазактың ұлттық театрының негізін қалаушы актерлер өнеріне тән табиғи дарынды классикалық көсіби сахна мұратымен ұштастырудың шеберлік даралықтары сарапталады. Көсіби актерлік шеберлікті қалыптастырудығы, дамытудағы қазақ режиссурасының шеберлік мектебіне бага беріледі. Көсіби актерлік өнердің негізін қалаушылардың кейінгі дамуға жалғасқан дәстүрі де тың ойлармен пайымдалады.

**Кілт сөздер:** Театр өнері, сахна, дәстүр, актер, орындаушылық, актерлік өнер, әдет-ғұрып.

#### Summary

The article analyzes the origin and the first experiments of the Kazakh actor's art, searches and innovations of the Kazakh and Russian film directors in 1926-1940. The individuality of the skill of the connections of natural talent, inherent in the art of actors, which laid the foundation of the Kazakh national theater, with a classical professional stage purpose, is revealed. The estimation is given to the school of mastery of the Kazakh direction in the formation, development of professional acting skills. Also, considered in a new aspect of the tradition of the founders of professional acting, accompanying the subsequent development.

**Keywords:** theatrical art, scene, tradition, actor, performing arts, acting skills, customs, poetry.

Қазақтың актерлік өнерінің туу, қалыптасу және даму кезеңінде салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға негізделген ойын-сауық

\* Өнертану ғылымдарының кандидаты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазак-турік университетінің профессоры, Түркістан-Қазақстан.

Candidate of Art Criticism, Professor of K.A. Yassawi International Kazakh-Turkish University. E-mail: [seytmetov\\_karimbek@mail.ru](mailto:seytmetov_karimbek@mail.ru)

\*\* Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазак-турік университетінің аға оқытушысы, Түркістан-Қазақстан.

A senior lecturer of the K.A.Yassawi International Kazakh-Turkish University. Turkestan, Kazakhstan. E-mail: [aitkul.seitmetova@mail.ru](mailto:aitkul.seitmetova@mail.ru)

кешіндегі спектакльдер болды. Мысалы, Атбасарда ойын-сауық кешінде қойылған "Қазақтың құдалығы" – кәсіби актерлік өнердің сахнадағы алғашқы бастамасы. Бұл қойылымдағы қатынасушылар, сахналық көріністер халық өнерінің театрлық сипатқа бейімділігін дәлелдегендегі болды. Қатынасушылар екі топқа бөліне орналасады: біріншісі – ақын, домбырашы, әнші-жырышы, палуан жігіттерін ерткен құдалар, екіншісі – құдалардың алдынан арқан керіп, оларға балшық, ұн, күйе жағып, еркектердің басына күштеп әйел орамалын жауып күтіп алған ауыл адамдары. Осы көріністер – құда күту дәстүрі аясындағы салмақты туыстық рәсімдер мен күлкілі, әзіл-қалжың әрекеттері – актерлік өнердің сахнадағы алғашқы қадамдары еді. М.Әуезовтің 1917 ж. "Еңлік-Кебекті" ауыл сахнасында қойып, өзінің кебеже ішінде отырып сыйыршының міндетін атқаруы да алғашқы актерлік өнердің бастамасы болатын.

XX ғ. бас кезінде Семейдегі "Ес – Аймақ", кейіннен "Жылжымалы губерниялық труппа", Орынбор, Омбы, Ақмола, Та什кент т.б. қалалардағы әуесқойлық театрларда кәсіби актерлікке лайық пьесалар қойыла бастады. Қошке (Қошмұхаммед) Кеменгерұлының "Алтын сақина" пьесасы 1923 ж. Орынборда басылып, ел арасында, кейін 1926 ж. Ұлт театры сахнасында қойылды (Кеменгерұлы, 1995: 178). Рас, алғашқы орындаушылар көркемдіктен гөрі еліктеушілікке, натуралистік суреттеуге көбірек иек артса да, халық өнерінің орындаушылық дәстүрі негізінде шығармашылықпен қабылданды. Алғашқы қойылымдарда басты салмақ сөзге түсті. Ал әрекеттің нақты өзіндік формасы анықталмай тек сөзге ілесіп отырады. Сахналық көріністер көбіне сөздің пластикалық иллюстрациясы тәріздес болды.

Актерлік шеберлік көрерменді де өнерді түсінуге, қабылдауға тәрбиеледі. 1926 жылы Қызылордада шаңырақ көтерген ұлт театрының репертуарында әуелі шағын пьесаны немесе оның бір актысын ғана көрсетіп, келесі болімінде концерт беру дәстүр болды. Бұл орайда, актерлік өнерді өздерінің далалық өнерпаздық шығармашылығымен ұштастырған тұлғалар айрықша орын алды. Олардың әрқайсысының өзіндік шеберлік стиль дарындары да байқалды. Мысалы, Қ. Қуанышбаевтың халық өнері дәстүріндегі репертуары ("Қыз ұзату" және адам мен хайуанаттар дауыстары туралы күлдіргі, сықақ әңгімелері) – дала театрының өзіндік әрекшелігін танытты. Құлкілі әңгімені сахнада көрсетуде жалғыз өзі бір мезгілде екі жыныстағы, әрқиыл жастағы адамдардың көңіл-күй құбылыстарын, дауыстарын,

## **Сейтметов К., Сейтметова А. Қазақ актерлік өнерінің қалыптасусы кезеңдері.**

---

хайуанаттардың дыбыстарын орындауды – актерлік шеберліктің үздік сипаты ретінде бағаланды. Актердің әуезді дауысымен кейіпкерлердің мінез-құлқын көрермендеріне айқын жеткізіп, домбыраға қосылып ән айтуы сахна сырын ұғатын көрермен ықыласын, ниетін қалыптастыруға шешуші ықпал жасады. Драматургия туындыларындағы көркемдік синтездегі би, музика, пантомима түрлерінің бірге орындалатын мусика (ғылым мен өнер тұтастырын ұстану) сапаны құрайтыны әлемдік көркем сөз өнеріне тән ерекшелік екеніне зерттеуші Г. Н. Поспелов те ғылыми баға береді (Поспелов, 1976: 49).

Елубай Өмірзақовтың актерлік өнерінде күлдіргіштік тәсіл оның бет-әлпетіндегі мимикалық құбылмалы қозғалыстардан туындаитын болған. Ол халық шығармашылығының өзегіндегі актерлік өнерге бейім тұстарын ойнаған өзге рөлдерінде пайдалана білді. Оның ән салу кезіндегі сазды, әуезді үні, интонациялық екпіні жүйрік қиялымен, мимикасымен ұштасады. Алғашқы көркем үйірмелерде еңкейген шал мен бүкшеңдеген кемпірді, Е.Ерданаевтың "Малқамбайдағы" Малқамбайды ойнауы да шеберлік үлгісімен бағаланды. Е. Өмірзақовтың Малқамбайы – өтірік момақан, аңқау адам қалпына ене құбылуы – оның сахнадағы шығармашылық тапқырлығын, кейіпкерлеріне жан бітірер шеберлігін танытты.

Тұңғыш ұлт театрының актері, режиссері К. Жандарбеков Елубайдың актерлік өнерін дәл сипаттайты: "Елубай, күлдіргі рөлдерді ойнағанда сахнада еркін жүреді. Он екі мүшесі түгел қатысады. Сахнадағы барлық әрекеттеріне жүртты сендіреді, күлдіреді, өзі күлмейді. Міне, күлдіргі актердің шеберлігі де осында... Елағаң - өзі көптеген ән шығарған адам. Және халықтың күлдіргі әндерін шебер орындаиды. Ән айтқанда көзі, қас-қабағы, бет-аузы түгел әннің сырын үстемелеп, ойнақы мінез көрсетіп отырушы еді" (Жандарбеков, 1980: 50). Е. Өмірзақов өнері – қазақ мәдениетіндегі күлдіргіш, ку тілді қазақ жігіттері дәстүрінің сахнадағы көрінісі.

Актерлік сахналық қойылымда шындалу тәжірибесі мол халық шығармашылығы арқылы жүзеге асырылады. Мысалы, "Еңлік-Кебек" трагедиясындағы "Билер шайқасы" сахналық көрінісіндегі актер Серке Қожамқұловтың қамшысын білемдей ұстал, өткір де өктем сөйлеуі мен қабағынан қан жауған, сұық түсінің қалпы-суреткерлік шеберлік шешімі. С. Қожамқұловтың ел көрген, білетін билер айтысынан алған тағылымы кәсіби актерлік өнеріне әсерін тигізген. Кәсіби актер

шеберлігінің өмір шындығынан алынатын және ізденістен туатын нәтижесін өзі де атап көрсетеді: "сахнадан көрсетер барлық мінез-құлық, түр-тұс, айла-әрекеттер айналанда жүрген адамдардың бойында бар емес пе соны көріп, содан ала білу керек емес пе? Ол үшін көңіл зеректігі керек-ақ. Ал енді, образ жасаудағы тағы бір басты мақсат - әр рольдің өзіне тән үнін табу. Рольдің үнін тапсан әрі қарай өзінен-өзі келе береді. Тек сол үнді өршітіп, есіріп, ширіктырып шындаі білу керек" (Қожамқұлов, 1993: 170). Шынында да, озбыр би Еспембеттің жыртқыштық кейпіне ене алған С. Қожамқұловтың бұл ролі - оның есімін өнер тарихындағы биікке көтерген табысы. Режиссер Ә. Мәмбетов осы ұлы актердің образды сомдаудағы зерттеушілігіне жоғары баға берді: "Ол үшін бәрі де маңызды еді: кейіпкердің жүріс-тұрысы да, аяқ басысы да, қымыл-қозғалысы мен әдеті де, бәрі-бәрі де өзгеше мән-мағынаға ие болып маңыз атқаратын" (Актер және азамат, 1982: 207].

"Еңлік-Кебек" трагедиясындағы сөзге жүйрік, шешен, байсалды, өмір тәжірибесі мол Көбей бидің Еспембет биге қарама-қарсы тұлғасын жасауда Қ. Куанышбаев билер шайқасын бейнелеуде өзі өмірден көрген тәжірибесіне сүйенген. Ол билер айтысы үстіндегі психологиялық хал-ахуалға қанық тәжірибесін ішкі түйсік пен табиғи дарын қорытпасымен бейнелейді. Еспембет пен Көбейдің сахнадағы мақал-мәтелдермен, қанатты сөздермен өрілген монологтары, бет-әлпетіндегі табиғи құбылыстары, кейде кеуделерін шалқайтып, кейде бастарын тәмен салған кейіптері - билердің психологиялық толғаныстарын жан-жақты барлауынан туған бейнелеу амалдары.

М. Әуезовтың "Қарагөзі" – алғашқы актерлеріміздің сал-серілер дәстүріндегі шығармашылығымен үндескен пьеса. Осыған дейін өмір бойы ән айтып, ойын сауықтарда, үйірмелерде рөл ойнаған тәжірибелі Қ. Жандарбеков сахнада сал-сері үрдісіндегі тұлғаны жасауда шеберлігін танытады. Сырымның жанына ерген Дулат (Қ. Куанышбаев), Қоскелді (Ә. Қашаубаев) және басқалар сымбатты көріктерімен, сұрыпсалма ақындығымен, әншілік өнерімен, жарасымды әзіл-оспақтарымен оқиғаның дамуын әрлендіріп, көріктендіре түседі. Басты рөлдегі Сырымның (Қ. Жандарбеков) және оның жанындағылардың өлеңі мен әуезді, әнші, ақындығы жалындаған ширақ қымылдары, шығармадағы драматург идеясы мен орындаушы актер шеберлігінің тоғысқан үндестігі болып сезіледі. Бұл – өмір көріністерінің натуралистік көрінісінен этнографиялық дәлдікке үмтүлған ұлттық актерлік өнер ерекшелігі.

Актерлік өнердің қазақ театрының сахнасында қалыптасуына әйелдер ойнайтын рөлдер де күрделі жолдан өтті. Карагөз рөлінде ойнап көңіл-күй арпалыстарын, сезім шарпылыстарын сөз астарынан, ой ағымынан туындарып қойылымдағы бейнеге енуде Зура Атабаеваның шеберлік орны бөлек. Сонымен, қазақ театрындағы кәсіби актерліктің менгерілуінде, қалыптасуында мынадай ерекшеліктер болды: біріншісі - театрға келгенге дейін әуесқойлық қойылымдарда рөлдерде ойнау, ән айту процестерінен өтуі; екіншісі - актерлердің сахнада жасаған кейіпкерлерінің кескін-келбеті, жүрістұрысы, сөз саптауы натурализм сипатында болды. Яғни, олардың ән-күй, өлең, көркем сөз, сатиralық әңгімелер айтуы – актерлік өнердің басты шарты болған. Ал, тұңғыш кәсіби актерлеріміз ұлттық тіл байлығына, әңгімешілік, шешендік, ақындық, әншілік, орындаушылық дәстүрлерге сүйенди.

Әншілігімен бірге драма актері ретінде де еңбек еткен Күләш Бәйсейітова М. Әуезовтің "Еңлік-Кебек", Б. Майлиниң "Майдан" т.б. пьесаларында басты рөлдерде ойнады. Дерек тілімен айтқанда: "1933 жылы театр М. Әуезовтің "Еңлік-Кебегін" қайта қойды. Сонда Еңлікті ойнаған Күләш тұңғыш рет спектакльде ән салды. Еңліктің қоштасуын түгелдей әнмен айтып шықты. Бұл жаңалық еді, жатырқамайтын, спектакльге ерекше өң беріп тұрган жақсы жаңалық еді" (Латиева, 1984: 37).

Театр, сахна өнерінің ғылыми-теориялық заңдылықтарын оқымаған ұлт актерлерінің кәсіби шеберлік деңгейін менгеруінде Ж. Аймауытов, М. Әуезов, Б. Майлин, С. Сейфуллин, Ж. Шанин, О. Беков пьесаларының көркемдік ықпалы мол болды.

Ж. Шанин – қазақ актерлік өнерінің кәсіпқойлық бағытын қалыптастырған талантты режиссер. Ол қойылатын пьесаны талдауды, жеке кейіпкерлердің сахналық мақсатын анықтауды, көріністерге айрықша көңіл бөлөтін тұстарды пысықтауды, сыйыршыға (суфлерге) сүйенбей, актердің рөл сөзін өзінің толық менгеруін шығармашылық жұмыс процесіне айналдырды. Актерлер режиссермен бірге әдеби-тарихи деректерді, мәліметтерді қарастырып, қойылар спектакльді игеру, бойға сіңіру жұмыстарын атқарды. Сонымен бірге ол кейіпкерлердің сахналық мінезд-құллық мақсаттарын талдап көрсететін, актерлік қиял көздерін кеңейтетін этюдпен жұмыс істеу тәсілдерін де пайдалана білді. Бұл актерлердің сахнадағы еркін қимылдарына, шабытты көңіл-күйіне, мүмкіндік жасады.

Театрдың алғашқы жылдардағы шығармашылық бағыты музыкалы драма театрына тән көркем сөз бер өуезді үйрететін арнайы сабактардың жүруімен ерекшеленеді. Режиссер Ж. Шанин музыкалы бағытқа бейімділігі бар әнші актерлер үшін: "1) Қысқаша ән-күйдің ғылыми жолындағы тетігі; 2) Әннің қағазға жазылған таңбасы (нота); 3) Ғылым жолымен ән салудың тетіктері" (Бел-белестер, 1987: 36) түріндегі арнайы сабактар жүргізді. Ол театрдың ең басты шығармашылық күші актерлердің тәрбиеленіп, шеберлік деңгейінің көтерілуіне мән берді.

Зерттеушілердің деректеріне қарағанда, актерлік өнердің көсіби театр сахнасына лайықты талаптармен орындалуын Ж. Шанин өзі қойған "Арқалық батыр" пьесасында толық қолдануға күш салды. Арқалық батыр (А. Абдуллин), Әжіхан (Қ. Куанышбай), Қарашешен (С. Қожамқұлов), Диуана (Е. Өмірзаков) рөлдерінің сомдалуы, сахнадағы декорация, сахна сыртындағы үстеме дыбыстар, үндер тың ізденістермен көрсетіледі. Мысалы, бұрын тек қана құлдіргі кейіпкерлерді ойнап жүрген Қ. Куанышбаев сырттай пан, тәкәппар, бірақ іші арам, аяр Әжіханды бейнелеуді шеберлікпен игергенін аңдатады. Әжіханның Арқалық батыр алдында бірде салмақты, айлакер, бірде сасқалақтаған мұсәпір халдегі трагикомедиялық келбеттегі көріністері, арамдығы, масаттаруы, мардымсызы - бәрі де шеберлік деңгейінде танылады.

Қазақ театры құрылудының алғашқы кезеңінде осылайша актерлік өнердің әмбебап сипатына әуез бер сөз және әрекеттер бірлігі тұтастықта болды. Драмалық рөлдерде музыкалық аспаптарды ойнай білу, көркем сөзді, құлдіргі әңгімені, тақпакты орындауга, билеуге, ән айтуға бейімділігі – барлығы тұтаса келе бұрынғы халық өнерпаздарын әлемдік өркениет үлгідегі актерлік шеберлік тұғырына көтерді. Қазақ тіл білімінің негізін салушылардың бірі, профессор Қ. Жұбанов "Қазақ драма театрының алғашқы күрделі жеңісі", "Біз де ұлт театрына қарай маңайладық" дейтін мақаларында ұлт актерлерінің өнеріне жоғары баға береді, сахна декорацияларын жетілдіруге ұсыныстарын білдіреді (Жұбанов, 1990: 67-74]. Демек, қазақ актерлік өнерін дамыту-ұлт зиялыштарының ортақ мұраты болды.

Көсіби актерлік өнердің даму жолының (халық өнері, әуесқойлық қойылым, мемлекеттік театр) сабактасқан жүйесінде бұрын тек ұлттық мәдениет аясындағы шығармаларда ойнаған актерлер енді басқа ұлттар өмірінен алынған пьесалардағы рөлдерді менгере бастады. Мысалы: Н. В. Гогольдің "Үйлену" (М. А. Соколов), пьесасындағы Кочкарев

## **Сейтметов К., Сейтметова А. Қазақ актерлік өнерінің қалыптасу кезендері.**

---

(актер Е. Өмірзаков), Подколесин (актер Қ. Бейісов), А. Тихонова (актер М. Шамова), Яичница (актер С. Қожамқұлов) бейнелерін сомдауда режиссерлік түсіндірме мен орыс ұлтты мінез-құлқын игеру, драмалық және комедиялық ерекшеліктерін қымылмен, сөзбен, бет-әлпет құбылыстарымен бейнелеудің жаңа шығармашылық, ғылыми-әдістемелік тәсілдері игерілді.

Кәсіби актерлікті игеруде ұлттық сипаттар мен көркемөнердің әлемдік үрдістерін ұштастыру басты міндетке айналды. Б. Майлиннің "Майдан" пьесасы (режиссері Ж. Шанин) қазақ театрының актерлік шеберлікті игерудегі жаңа белес болды. Пьесадағы Досан (актер Қазікен Бейісов) оның эйелі Зәуреш (актер Шәрбәну Байзақова), Қедебай (актер С. Қожамқұлов), Пұліш (актер К. Байсейітова) және т.б. басты кейіпкерлерді актерлер драматург пен режиссер идеялары аясында қазақ ауылының өз кезеңіне лайықты психологиялық-әлеуметтік жағдайларды суреткерлікпен жеткізе білді. Қазақ ауылындағы әр алуан мінез-құлыш иелерінің заман әкелген өзгерістер ағынындағы драмалық-трагедиялық, кейде комедиялық хал-ахуалда болғанын көтерген пьеса идеясын актерлер шебер ойын арқылы ашады.

Әлемдік классикалық және орыс драматургиясының озық үлгілерін сахнада ойнау арқылы актерлер өркениет биіктерін игеруге қол жеткізді. Сахналық туындыдағы өзге ұлттардың бейтаныс әлемін өнер тілімен меңгеру арқылы жалпы адамзаттық психологиялық жан дүние толғаныстарының ортақ сырларымен қауышты. Бұл – кәсіби актерлік өнердің дамуындағы кемелденудің баспалдақтары.

Ұлттық театр қойылымдарындағы актерлік шеберлікті қалыптастыруда маман режиссерлердің рөлі ерекше болды. Ұлт актерлерінің ұлы ұстазы М. Әуезовтің қазақ театрының репертуарын, сахна өнерінің ғылыми-теориялық, әдістемелік жүйесін қалыптастырған еңбегі мәңгілік дараланып тұрады. Нақтылап айтқанда, М. Әуезов – қазақ театры репертуарына арнап көп пьесалар жазған драматург, актер өнерінің шеберлік сырлары туралы ғылыми еңбектер жазған зерттеуші, сахналық қойылымдардың өнер туындысы тұғырында көрерменге жетуін дайындаушы ұстаз-режиссер, режиссураны байыпты талдауларымен нығайтқан интерпретатор, репертуар саясатының асқан білгір жүргізушісі, көркемдік жетекші. Зерттеуші Қ. Қуандықов "Орыс театрына А. Островский, М. Горкий, А. Чехов қандай еңбек сінірсе, М. Әуезов те қазақ театрына сондай еңбек еткен адам", – дейді (Қуандықов, 1972: 13).

Қазақ театрының шеберлікке ұмтылу жолында актер шеберлігі пәні, сахналық сөз техникасы, музика теориясы, хор өнері, орыс және шетел әдебиеттерін оқу жұмыстары да үздіксіз жүргізілді. Ұлттық мәдениеттің жанашыры I. Омаров сахна өнері сапасы үшін еңбек ету жауапкершілігіне баға берді: "...театрда көркем шығарма, көркем образ көруші қауыммен көзбе-көз, жүзбе-жүз тілдеседі. Мұндай бетпе-бет дидарласуда жалтақтық жалғанға басу, я күндегі үйреншікті көпірме сөзге берілу актерға да, драматургке де, авторға да, күллі театрға да рухани өліммен бірдей" (Омаров, 1988: 360).

Арнаулы кестемен сахна өнері сабактарын оқыту, күнделікті шығармашылық жаттығу қойылым жұмыстарымен қатарлас өткізіледі. Осындаған салалы жұмыстардың орындалуында Я. П. Танев, М. Н. Соколов, М. Г. Насонов, Ю. Л. Рутковский, И. Г. Боров, М. В. Соколовский атты режиссерлердің қазақ театры актерлерін аталған ізденістер талаптары аясында дайындауы нақты нәтижелерге жеткізді. Бұлардың режиссерлік тәсілдері К. С. Станиславский жүйесіне негізделді. Кәсіби режиссерлердің қазақ сахнасын дамытуға арналған еңбектерінің орыс, батыс классиктерінің, кеңес драматургиясының озық туындылары қазақ актерлік өнерінің мектебін айқындағы. Я. П. Тригердің "Сұнгуір қайық", В. Киршонның "Астық", Н. Погодиннің "Ақсүйектер", "Мылтықты адам", Н. В. Гогольдің "Ревизор", К. С. Треновтің "Любовь Яровая", В. Шекспирдің "Отелло", М. Өуезовтің "Тұнгі сарын", Б. Майлин мен F. Мұсіреповтың "Амангелді", F. Мұсіреповтың "Қозы-Көрпеш – Баян Сұлу", М. Өуезовтің "Абай" т.б. қойылымдардың ұлттық актер ойыны қалыптасуында ерекше маңызы бар.

Аударма пьесаларда сахнадағы жүріс-тұрысты, көруді, естуді, бағалауды, сөйлеуді өзге ұлтқа тән пластикалық қымыл-қозғалыстарды ойнауда актерлеріміз көптеген жаңаңықтарды игерді. М. Тригердің "Сұнгуір қайық" пьесасындағы (режиссері Я. П. Танеев) "сөзсіз этюд", окиға дамуына сай музикасын, декорациялық көркемдіктерді, сахна дыбыстарын пайдалануы театрдың сахна мәдениетін менгеруіне пайдасын тигізді. В. М. Киршонның "Астығын" (режиссері М. Г. Насонов, басты рөлдерде Қ. Бадыров, Е. Өмірзақов, Қ. Байсейітов, Қ. Жандарбеков және т.б.) қоюда актерлердің киімдерінің, гримдерінің жалпы сыртқы пішінінің кейіпкерлердің ішкі дүниесімен астасуы игерілді. Погодиннің "Ақсүйектер" қойылымында да (режиссері И. Г. Боров) әлеуметтік ортасы, психофизикалық әрекеттері мұлдем бөлек ұры-қарыларды (Костя - Капитан ролінде

## **Сейтметов К., Сейтметова А. Қазақ актерлік өнерінің қалыптасу кезендері.**

Е. Өмірзаков) бейнелеуінде актерлік ізденістердің жаңа нәтижелеріне қол жеткізілді. Атап айтқанда, саҳнаның шарттылық аясында станоктарды оқиғаның ынғайына қарай бірде жол, бірде жатақ, бірде кеңсе, бірде көпір ету, дауысты жоғарыдан да, төменнен де естіртудегі ерсілі-қарсылы жүргүш шарттылығы – бәрі де ғылыми негіздегі жаңалықтар болды.

Қазақ актерлік өнерінің жетілуінде, есүінде Н. В. Гогольдің "Ревизорын" (режиссері И. Г. Боров) қоюда рөлге ену тәсілдері, кейіпкерлердің ішкі әлемінен сырт келбетіне, керісінше сырт келбет ерекшеліктерінен ішкі толғаныстарға ену, ойынды ойнақы ету үшін арнайы көріністеріне би, музика енгізу, яғни, қойылымға пантомимо, водевильдік жеңіл қозғалыстар араластыру жүзеге асырылды. Пьесаның басты кейіпкерлері Дуанбасыны (актер К. Қуанышбаев), Хлестаковты (актер Қ. Қармысов) және т.б. сомдағандар комедия жанрына тән кейіпкерлерді зілді күлкі ауқымында бейнелеудің шеберлік тағылымын танытты. "Ревизорда" рөлдер ойнаумен қазақ актерлері әлеуметтік мәні терең юмор мен сарказмді, ойнақы іс-құмылдарды менгеріп, комедия әлеміне еркін енген (Қазақ театрының тарихы, 1975: 245). К. Треневтың "Любовь Яровая" қойылымында да (режиссерлері И. Г. Боров, М. Г. Насонов) кейіпкерлердің психологиялық толғаныстарын, ішкі драматизмін анғаруға, саҳнада ашуға ерекше көңіл белді. Актерлер – Қ. Бадыров (Яровой), С. Майқанова (Любовь Яровая) рөлдердің сыр-сипатын психологиялық толғаныстарын әрекет үстінде ашуға үйренді. Қазақ актерлерін шеберлік мектебін менгерудің тың сатыларына көтерді.

Әлемдік классиканың драматургиясындағы аса күрделі бейнelerдің саңылыштырылған ерекшеліктерін жете түсініп, трагедиялық көңіл-күй арпалыстарын ашуда кәсіби режиссерлердің ықпалы өте мол болды. Оның үстінен М. Әуезовтің эйгілі лекциялары мен репетиция үстіндегі кеңес түсініктері ұлттық актерлік өнердің қалыптасуына бірден-бір шығармашылық тәте жол болды. Бұған саңнада көркемдік болмысымен суреттеу тапқан Қ. Бадыровтың Отеллосы, Қ. Қармысовтың Яго т.б. актерлердің жетістіктері дәлел. Бұл қойылым ұлт актерлерінің трагедиялық рөлдерді менгеру жолындағы өзіндік табысы болды. Мұнан кейінгі кезендердегі театрдағы трагедиялық қойылымдардың көркемдік шоқтығының биік болуы осы салалы дәстүрлік ықпалы.

Актерлік шеберлік – қазақ театрының ұлттық мәдениетті әлемдік өркениетпен деңгейлестіру көрсеткіші. Бұл орайда, F. Мұсіреповтің

"Қозы Көрпеш-Баян Сұлу" (режиссері М. Г. Насонов) қойылымында ойнаған актерлеріміздің өнерін шеберлік өнегесі ретінде айтамыз. С. Қожамқұловтың Қарабайды, Ә.Хасеновтің, Ш.Аймановтың Қодарды т.б. рөлдерді меңгерудегі актерлік-суреткерлік шешімдері, әрқайсысына тән өзіндік ерекшеліктері ұлттық актерлік өнердің қалыптасу сипатын танытатын жәйт.

Актердің рөл меңгерудегі аса күрделі мәселелерінің бірі тарихи қойылымдардағы кейіпкерлердің әлеуметтік келбетін ашып, психологиялық толғанысын, саяси құбылысқа көзқарасын айқындау. "Мылтықты адам" (режиссері М. В. Соколовский) спектаклі тұсында қазақ актерлері саясатқа араласқан жандардың жанды бейнелерін жасау тәсілдерін менгерді. Ленин мен Шадрин рөлдерін ізденістің небір күрделі белестерінен өтіп, қымыл-әрекеттерінің сан қылышы тәсіл амалдарынан толып жатқан тарихи материалдар мен архивтік деректермен танысып, оны пайдалану жолдарын үйренді.

Қазақ актерлік өнерінің кәсіби шеберлік деңгейіне көтерілгенін дәлелдеген М. Әуезов пен Л. Соболевтің "Абай" спектаклі (режиссері А. Тоқпанов) болды. Трагедияның қойылымы қазақ режиссурасының, актерлік өнердің бейнелеу құралдарын менгергендігінің айқын көрінісі болды. Режиссердің Абай заманының кейіпкерлері тағдырларын зерттеп, бәрін де сол кезең шындығына сай қолдануы спектакльдің шынайы режиссерлік түрғыдан жетілуін қамтамасыз етті. Режиссер А. Тоқпанов осы қойылымға байланысты былай дейді: "Мұқаның трагедияның қым-қиғаш тартыстарына өзі қатысып, басынан кешкен адамдай, көзбен көріп, қолымен ұстағандай дәрежеде бойына сініргендігін таныдым. Әрбір адамның мінез-құлқын, әдет-машығын анық, толық зерттеп білмей, бейне жасаудың мүмкіндігі жоқтығын терең ұқтым" (Тоқпанов, 1991: 138). Абай бейнесін сомдаған Қ. Қуанышбаев сахнага шықпас бұрын ақынның поэзиясын, философиялық көзқарастарын, композиторлығын, заманының тарихи шындығын, өскен, қалыптасқан ортасын жан-жақты зерттеді. Режиссер мен актер Абайды бейнелеуде сыртқы портреттік грим мен ішкі сезім толғаныстарының үндесе өрілуіне тарихи-этнографиялық дәлдік көріністеріне айрықша мән берді.

А. Тоқпанов табиғатынан сөзге шешен, халықтың әдет-ғұрпына, тарихи болмысы мен дәстүріне жүйрік режиссер. Сондықтан оның сот сахнасында ерекше көңіл аударуы, орындаушылардың әрбір диалогтың астарын ашып айта білуі қойылымның көркемдік жетістігі. Көрнекті

## **Сейтметов К., Сейтметова А. Қазақ актерлік өнерінің қалыптасу кезендері.**

---

актер А. Әшімұлы "Рольді әрбір актер ойнайды, ал образ жасау әрбір актердің қолынан келмейді", – дейді (Әшімұлы, 1995:123).

Корыта айтқанда, актерлік өнердің шеберлік деңгейге жетуі режиссурадағы жаңашыл ізденістер арқылы жүзеге асырылады.

### **Әдебиеттер**

1. Кеменгерұлы Қ. (1995). *Шығармалар*, - Алматы, Мұраттас. 178 б.
2. Поспелов Г. Н. (1976). *Лирика* – М.: "Изд-во Московского университета". С 49.
3. Жандарбеков Қ. (1989). *Көргендерім мен көңілдегілерім*. Алматы, "Өнер", 50-б.
4. Қожамқұлов С. (1993). *Шеберлік мектебі*. Макала, очерк, естеліктер жинағы/Құраст. Мусинов А. Құлмағамбетов М. Алматы, "Өнер", - б 170.
5. *Актер және азамат. С. Қожамқұлов туралы мақалалар мен естеліктер*. (1982). (Құраст.: Уәлиев Қ.) Алматы, "Өнер", 207 б.
6. Латиева С. (1984). *Бұлбұл: өмірбаяндық повесть-эссе*. Алматы, "Өнер".
7. Бел-белестер. (1987). Құраст. Құндақбаев Б. Алматы, "Өнер".
8. Жұбанов Қ. (1990). *Шығармалар мен естеліктер*. Алматы, "Өнер".
9. Куандықов Қ. (1972). *Театрда тұган ойлар (сын мақалалар)*. Алматы, "Жазушы".
10. Омаров И. (1988). *Әдеби толғамдар: Сын мақалалар, зерттеулер*. Алматы, "Жазушы", 360-б.
11. Қазақ театрының тарихы. (1975). 1-том. Жауапты шығарушы Б.Құндақбаев. Алматы, "Фылым", 245 б.
12. Тоқпанов А. (1991). *Iңкәр дүние*. Режиссердің ой толғамдары. Алматы, "Жалын", 138-б.
13. Әшімұлы А. (1995). *Майраның әні* (Жар рухымен сырласу). Алматы, Атамұра, 123 б.

### **Резюме**

В статье анализируются происхождение и первые опыты казахского актерского искусства, поиски и новшества казахских и русских кинорежиссеров в 1926-1940 годах. Выясняется индивидуальность мастерства связей природного таланта, присущего искусству актеров, которые заложили основу казахского национального театра, с классической профессиональной сценической целью. Дается оценка школе мастерства казахской режиссуры в формировании, развитии профессионального актерского мастерства. Также рассматриваются в новом аспекте традиции основоположников профессионального актерского искусства, сопутствующие последующему развитию.

**Ключевые слова:** театральное искусство, сцена, традиция, актер, исполнительское искусство, актерское мастерство, обычаи, поэзия.

**(Сейтметов К., Сейтметова А. Этапы формирования казахского актерского искусства)**

### Özet

Bu makalede Kazak aktör sanatının kökeni ve ilk denemeleri, 1926-1940 yıllarında Kazak ve Rus film yönetmenlerinin arayışları ve yenilikleri incelenmiştir. Kazak milli tiyatrosunun temelini atan aktör sanatına tipik doğal yetenekli klasik bir profesyonel sahne idealleri ile ustalık kombinasyonları incelenmiştir. Mesleki aktör ustalığının oluşum ve gelişimindeki Kazak kino yönetiminin ustalık okulu değerlendirilir. Mesleki aktör sanatının temelini oluşturanların sonraki gelişmeye ulaşan geleneği de asıl fikirler ile ispat edilmiştir.

**Anahtar kelimeler:** Tiyatro sanatı, sahne, gelenek, aktör, icra edicilik, aktörlük sanat, örf-adet, şiirler.

(Seitmetov K., Seitmetova A. Kazak Aktör Sanatının Oluşum Dönemleri)

---

---

## РЕЦЕНЗИЯ

---

**TÜYMEBAEV, Janseyit. ESKEEVA, Magripa. SAĞİDOLDA, Gulğayşa. (2017-2018). *Türkoloji Serisi Kitabı*, 9 Cilt, Almatı: Kazıgurt Yayınevi. ISBN: 978-9965-22-531-4.**

Halil ÇETİN\*



J. Tüyamebaev, M. Eskeeva ve G. Sağıdolda tarafından yazılan “Türkloloji Serisi” kitabı 9 ciltten oluşmaktadır. Her cilt kendi içerisinde Türkoloji alanında farklı konuları değerlendirmiştir. Türkolojinin temelini oluşturan dilbilimsel gramer yapıları, Türk dünyasının ortak değerleri, Türk halkları arasındaki ortak paylaşımları ve kültürel değer yargalarını güçlendirmek için hazırlanmıştır. Bu 9 ciltlik eserden ilk olarak değerlendireceğimiz, J. Tüyamebaev ile M. Eskeeva tarafından yazılan “Türkolojinin Tarihî-Dilbilimsel Esasları” adlı eserdir. Bu eseri, Ainur Mayemerova (1. ve 2. Bölüm) ve Elmira Kaljanova (3. ve 4. Bölüm) Türkiye Türkçesine aktarmıştır. Eser, bir önsöz ve “1. Türkoloji, 2. Türk Dilleri ve Türk Dillerinin Tarihî Gelişim Dönemleri, 3. Glottojeneolojik ve Glottokronolojik Bakımdan Sınıflandırma Meseleleri ve 4. Türk Dillerinin Yapısı: Fonoloji-Morfoloji” başlıklarını altında toplam dört bölümden oluşmaktadır ve 455 sayfadır. Eserde, günümüz Türkoloji alanının sorunları,

---

\* Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi, Öğretim Görevlisi,  
[halil.cetin@ayu.edu.kz](mailto:halil.cetin@ayu.edu.kz)

kuramsal ve yöntem bilimsel temeller, yeni araştırma alanları, Türk dünyasının dil ve kültür meseleleri, Kazak dilbiliminin yeri, Türk dillerinin oluşum ve gelişim süreçleri, yeni düşünceler ışığında Türkoloji sahası çalışma alanlarının yeniden değerlendirilmesi ve Türk dillerinin sınıflandırılması gibi vb. Türkoloji alanı ile ilgili birçok konu ele alınmıştır. Çalışmada, birçok örnekler verilmiş ki buda konuların daha iyi anlaşılmasını kolaylaştırmıştır: “Çuvaş dilindeki kelime içinde ve sonunda kullanılan r, l sesleri diğer Türk dillerinde z, š/s sesleri ile karşılaşır: Çuv. päru ≈ TT. buzayı ≈ Kzk. Buzaw “buzağı”; Çuv. şir- “yazmak” ≈ Kzk. sız- “çizmek” ≈ (karşılaştırın “yazma çizme”), Trkm. jað- ≈ TT. Jaz- “yazmak”.

J. Tüyamebaev ile G. Sagidolda tarafından hazırlanan “Altay Dilinin Tarihi-Dil Bilimsel Esasları” adlı eser 2015 yılında basılmıştır. Eser, bir önsöz ve “1. Altay Dilinin Esasları”, “2. Altay Dil Biliminin Karşılaştırmalı-Tarihi Gelişimi”, “3. Altay Dilinin Fonolojik Sistemi”, “Altay Dillerinin Morfolojik Yapısı” bölüm başlıklarını altında incelenmiştir ve çalışma 405 sayfadan oluşmaktadır. Çalışmada, Altay dillerinin kalıplılmış söz yapısı ve Altay dillerinin gelişme tarihine degenilmiştir. Altay dil ailesinin Türk, Moğol, Tunguz, Kore ve Japon dillerinin gramer kuruluşlarındaki ortaklıklar ve uygunluklar konusu incelenmiştir. Aynı zamanda, eserin alt başlıklarından birinde, Altay dillerinin karşılaştırmalı incelemesi ve tarihi açıdan değerlendirilmesi çalışmalarının ilmi ve teorik önemi içerisinde Türk-Moğol dillerinin benzerlik ve farklılıklarını, gramer yapıları gibi konular üzerinde değerlendirmelerde bulunulmuştur. Bu değerlendirmeyle benzerlikler ve farklılıklar konusu yeni bakış açısı ile ele alınmıştır.

J. Tüyamebaev, M. Eskeeva ve G. Sağidolda tarafından hazırlanan “«Ebedi Ülke» Fikrinin Gelişmesinin Dilbilimsel Temeli” adlı çalışma 2017 yılında basılmıştır. Eser, bir önsöz ile on alt başlıktan ve 360 sayfadan oluşmaktadır. Eserde, Türkoloji bilimindeki “Ebedi Ülke” fikrinin ilmi-teorik bakış açısı ve milli fikrin gelişmesindeki dilbilimsel temellerin oluşumu zamanında Türk yazma eserlerin dilindeki, Kazak destanları ile jırşılık şiirlerinin dilindeki birlikteklilerinin içeriği karşılaştırılmıştır. Türk sözlükçülüğü, karşılaştırmalı Türk dilbilimi ve Kazak dilinin tarihi meseleleri karşılaştırılmıştır. Eserde, «Mäñgilik El» Ebedi Ülke fikri dil ile destan, konuları bağlamında değerlendirilmiş ve incelenmiştir. Eski Türk yazma eserleri dilindeki Bengü El ideası konusu başlığı altında, Kutadgu Bılıg’den şiir örnekleri, Orhun ve Yenisey abidelerinden kişi ve adam kelimeleri, Koblandı ile Alpamış Batır ve Dede Korkut destanlarından ekonomik durum, kahraman ve atı, düşmanların öldürülmesi gibi vb. konularından örnekler verilerek ebedi ülke fikri değerlendirilmiştir.

J. Tüyamebaev ve M. Eskeeva tarafından hazırlanan, “Eski Türk Yazma Eserleri Dilinin Morfolojik Sistemi VI-IX. yy.” adlı çalışma, 2016 yılında ikinci baskısı yapılmıştır. Eser, bir önsöz ile “1. VI-IX. Asır Türk Yazma Tarihi Eserleri Dilinin Morfolojik Yapısı İncelemesi”, “2. VI-IX. Asır Türk Yazma Tarihi eserleri Dilindeki Temel Morfemler”, “3. VI-IX. Asır Türk Yazma Tarihi Eserleri Dilindeki Ek Morfemler” adlı bölümlere ayrılarak incelenmiştir ve 368 sayfadан oluşmaktadır. Bu çalışma, genel Türkçedeki morfolojik sistemin eski Türkçedeki özelliklerini ortaya çıkarmaya ve VI-IX. Türk yazılı abidelerinde yer alan farklı ve benzer dilbilimsel göstergelere dayanarak eski Türkçenin morfolojik yapısının Kazak dilinde muhafaza edilme seviyesini değerlendirmeye yönelikir. Bu çalışma, filoloji fakültesinin lisans ile yüksek lisans öğrencileri ve Türk dilinin tarihine alanında çalışma yapanlar için yardımcı kaynak olarak hazırlanmıştır.

J. Tüyamebaev, M. Eskeeba ve G. Sağıdolda tarafından hazırlanan “Türk Dillerinin Karşılaştırmalı-Tarihi Grameri” adlı çalışma, 2017 yılında yayımlanmıştır. Eser, bir özsöz ile “1. Dil Tarihi ile Etnik Tarihi”, “2. Türk Dilleri Fonetik Sisteminin Karşılaştırmalı İncelemesi”, “3. Türk Dillerinin Morfolojik Sisteminin Karşılaştırmalı İncelemesi” olmak üzere üç bölümden oluşmaktadır ve 324 sayfadır. Çalışmada, Türk dillerinin tarihi gelişimi “Dil tarihi: Etnik tarihi” bağlamında incelenmiştir. Türk dilinin tarihi devirleri ve Türk dilleri grubu (Kıpçak, Oğuz vb.) birlikte karşılaştırmalı olarak değerlendirilmiştir. Günümüz Türk dillerinin fonetik yapısı ile morfolojik yapısının tarihi gelişimi, yeni düşüneler ışığında incelenmiştir. Eski Altay dilleri ile bütün Türk dillerindeki ortak formların eski Türkçe, orta Türkçe ve günümüz Türk dillerindeki görünüşü metodik açıdan incelenmiştir.

J. Tüyamebaev ve G. Sağıdolda tarafından hazırlanan, “Kazak Dili ile Türk Dillerinin Karşılaştırmalı- İncelemesi Grameri” adlı çalışma, 2016 yılında ikinci baskısı yayımlanmıştır. Eser, bir önsöz ile “1. Kazak Dili ile Türk Dillerinin Fonetik Sisteminin Karşılaştırmalı İncelemesi”, “2. Kazak Dili ile Türk Dilleri Morfolojik Sisteminin Karşılaştırmalı İncelemesi” olmak üzere iki başlık altında incelenmiştir ve 324 sayfadır. Eserde, Kazak dili ve Türk dillerinin fonetik ve morfolojik açıdan karşılaştırılması yapılmıştır. İki dilin gramer yapısı, ortak özellikleri ve farklılıklarını açısından da karşılaştırılmalı olarak değerlendirilmesi yapılmıştır. Bunun yanında, kendilerine özgü gramer yapıları, günümüz gramer sınıflandırmalarına göre yeni bakış açıları doğrultusunda incelenmiştir. Çalışmanın alt başlıklarında, Kazak dili ile Türk dillerinin ünlü ve ünsüz harflerin ses yapıları, sıfat ve

zamirlerin türleri değerlendirilmiş ve örnekler üzerinden konular açıklanmaya çalışılmıştır.

J. Tüyamebaev ve G. Sağıdolda tarafından hazırlanan, “Kazak Dili ile Tatar Dillerinin Karşılaştırmalı İnceleme Grameri” adlı çalışma, 2017 yılında yayımlanmıştır. Eser, bir önsöz ile “1. Kazak Dili ile Tatar Dillerinin Fonetik Sisteminin Karşılaştırmalı İncelemesi”, “Kazak Dili ile Türk Dilleri Morfolojik Sisteminin Karşılaştırmalı İncelemesi” adlı iki bölümden oluşmaktadır ve 240 sayfadır. Birinci bölüm, fonetik başlığı altında kendi içerisinde on alt başlığa ayrılmıştır. İkinci bölüm, morfoloji başlığı altında on altı başlığa bölünerek eserin değerlendirilmesi yapılmıştır. Birinci bölümde Kazak dili ile Tatar dilinin ünlü ve ünsüz harflerin karşılaştırılması, ortak özellikleri ve farklılıklarını ve hece yapıları örnekler üzerinden karşılaştırmalı olarak incelenmiştir. İkinci bölümde ise, bu iki dilin morfolojik açıdan, gramer kategorisi, gramer yapısı ve biçim özellikleri, söz yapısının morfolojik yapısı, Kazak dili ile Tatar dilindeki isim, sıfat ve sayı sıfatları, fili ve zarf gibi morfolojik kavamlar, iki dildeki ortaklıklar ve farklılıklar açısından günümüz gramer bakış açısıyla karşılaştırılmıştır.

J. Tüyamebaev, M. Eskeeba, Ş. Abdinazimov'un yayına hazırlamış olduğu, “Kazak ile Karakalpak Dillerinin Karşılaştırmalı Grameri” adlı eser 2018 yılında yayımlanmış ve 248 sayfadır. Esere bakıldığından, Kıpçak grubundaki Kazak ile Karakalpak dillerinin fonetik sistemi, morfolojik yapısı ile sentaks yapısının karşılaştırmalı olarak dört bölüm başlığı altında değerlendirilmesi ve incelemesi yapılmıştır. “Kazak ile Karakalpak Dillerinin Karşılaştırmalı Fonetikası” adlı birinci bölüm alt başlıklarında, fonetik ve fonolojik sistem, hece ve vurgu kavamları değerlendirilmiştir. “Kazak ile Karakalpak Dillerinin Karşılaştırmalı Morfolojis” adlı ikinci bölüm alt başlıklarında, morfolojik kurulumları, isim, sıfat ve ön ek morfemleri gibi vb. konular karşılaştırmalı örnekler üzerinden değerlendirilmesi yapılmıştır. “Kazak ile Karakalpak Dillerinin Karşılaştırmalı Sentaksi” adlı üçüncü bölümde sentaks kurulumları, cümle ve cümle öğeleri alt başlıkları incelenmiştir.

J. Tüyamebaev, M. Eskeeba, M. Usmanova'nın yayına hazırladığı “Kazak ile Başkurt Dillerinin Karşılaştırmalı Grameri” adlı eser 2018 yılında yayımlanmış ve 272 sayfadır. “Kazak ile Karakalpak Dillerinin Karşılaştırmalı Grameri” kitabı ile aynı konu başlıkları altında incelenmesi ve değerlendirilmesi yapılmıştır. “Kazak ile Başkurt Dillerinin Karşılaştırmalı Fonetikası” adlı ilk bölümde, fonetik ve morfolojik sistem, Kazak ile Başkurt dillerinin alfabe sistemi, ünlü ve ünsüz harflerin sistemi,

hece ve vurgu konuları karşılaştırmalı olarak incelenmiştir. “*Kazak ile Başkurt Dillerinin Karşılaştırmalı Morfolojis*” adlı ikinci bölümde, morfolojik kurulumları, isim, sıfat ve ön ek morfemleri, fiiller, belirteç gibi vb. konular incelenmiştir. “*Kazak ile Başkurt Dillerinin Karşılaştırmalı Sentaksi*” adlı üçüncü bölümde, Kazak ve Başkurt dillerindeki sentaks kurulumu, cümle ve cümle öğelerinin incelenmesi ve karşılaştırmalı olarak değerlendirilmesi yapılmıştır.

J. Tüyamebaev, M. Eskeeva ve G. Sağıdolda'nın yayına hazırlamış olduğu “Türkoloji Serisi” adlı esere baktığımızda, Türkoloji meseleleri bütüncül bir bakış açısıyla değerlendirilmiş ve dilbilimsel ekoller ışığında yeni tespit ve tahliller yapılmıştır. Türk dünyasının tarihi, kültürel ve dilsel yakınlığı konularını günümüz düşünce dünyasının getirdiği yenilikler ve değişimler doğrultusunda değerlendirilmesi yapılmıştır. Eser, Türkolojinin fonetik ve morfolojik yapısını karşılaştırma yöntemini kullanarak benzerlik ve ortaklıklarını, kuramsal ve yöntemsel açıdan incelerek araştırma paradigmaları doğrultusunda değerlendirilmişlerdir. Türk dilinin tarihi dönemlere ayrılma konusu yeni görüşler ışığında tekrar ele alınmış ve bu doğrultuda yazarlar tarafından yeni düşünceler ortaya konulmuştur. Türk dillerinin fonolojik ve morfolojik yapısı çerçevesinde Kazak dilbiliminin yeri örneklerle değerlendirilerek açıklanmıştır. Esere bütüncül bir bakış açısıyla değerlendirilmesine baktığımızda, Türkolojinin kuramsal, kavramsal ve metotsal açıdan değerlendirmeleri yapılarak dilbilim, kültür, Türk dilinin tarihi devirleri incelenerek Türkoloji sahasına yeni ve farklı bakış açıları kazandırmamasını umut ederiz.

## МАЗМУНЫ, CONTENTS

### ФАЛЫМ ЖОЛЫ

Ömer Küçükmehmetoğlu (İstanbul)	İstanbul Üniversitesi Edebiyat Fakültesi Öğretim Üyesi Doç.Dr Uğur Gürsu İle Söyleşi	5-8
Uğur Gürsu (İstanbul)	Mehmed Sabrı ve Tuhfe-i Sabrı An Lisân-ı Bulgarî Adlı Manzum Bulgarca-Türkçe Sözlüğü Mehmed Sabri and His Bulgarian-Turkish Dictionary in Verse Called Tuhfe-i Sabri An Lisan-i Bulgari	9-31

### ТІЛ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ

Хамидилла Дадабоев (Ташкент)	“Девони лугатит түрк” асарыда полисемиянинг ифодаланиши	32-37
Hamidulla Dadaboev (Tashkent)	Expression of Polysemy in the Literary Work “Divan Lugat at-Turk”	
Карлыгаш Сарекенова (Астана)	Қазақ және қыргыз тілдеріндегі тұрақты тіркестердің тәнымдық негізі	38-46
Karlygash Sarekenova (Astana)	The Cognitive Basis of Sustainable Combinations of Words in Kazakh and Kyrgyz Languages	

### ӘДЕБИЕТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР

Тоқболат Еңсегенұлы (Түркістан)	Жаратуштра жасаған ілім және қазақ философиясының төркіні	47-60
Tokbolat Yensegenuly (Turkestan)	The Science Zarathustra and the Source of Kazakh Philosophy	
Гулистан Қанаатова (Нұкіс)	Бердак шығармаларында қазақ-қарақалпақ түскандық байланыстарының жырлануы	61-67
Gulistan Kanaatova (Nukis)	Related Kazakh and Karakalpak Connection in Berdakh's Works	
Hamza Öztürkçü (Erzurum)	Mevlüt Süleymanlı'nın Değirmen Hikâyesinde 1960 Nesri Özellikleri	68-79
	1960 Prose Characteristics in the Değirmen Story of Mevlüt Süleymanlı	

### ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯ

Ярослав Пилипчук (Киев)	Печенежская диаспора в Европе XI-XII вв.	80-112
Yaroslav Pylypchuk (Kyiv)	Pechenegian Diaspora in Europe in XI-XII Centuries	

### АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӨНЕР

Кәрімбек Сейтметов (Түркістан)	Қазақ актерлік өнерінің қалыптасу кезеңдері	113-124
Aïtqyl Seitmetova (Turkestan)		
Karimbek Seitmetov Aitkul Seitmetova (Turkestan)	Stages of Development of the Kazakh Actors Art	

### РЕЦЕНЗИЯ

Halil Çetin (Kentav)	Türkoloji Serisi Kitabı	125-129
----------------------	-------------------------	---------

## **БАЙЛАНЫС**

Түркологияғы ғылыми-зерттеу институты

Түркістан/ҚАЗАҚСТАН

e-mail: **turkology.institute@ayu.edu.kz**

Басылым: Ахмет Ясауи университетінің «Тұран» баспаханасы

Редакцияның мекен-жайы:

161200, Қазақстан Республикасы, Онтустік Қазақстан облысы Түркістан қаласы

Бекзат Саттарханов даңғылы № 29

Телефон. 8 (72533) 3-16-78

Журналдың электрондық нұсқасын **www.ayu.edu.kz** сайтынан оқуға болады.

Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның  
көзқарасын білдірмейді.

Техникалық редактор Ж.Танауова

Көркемдеуші редактор А.Авжы

Ағылшын тілі редакторы А.Евлер

Орыс тілі редакторы А.Байтуова

Қазақ тілі редакторы Е.Жиенбаев

Басуға 27.04.2018 ж. қол қойылды.

Көлемі 70x100 1/16. Қағазы оффеттік.

Шартты баспа табагы 8,2

Таралымы 300 дана. Тапсырыс 630.